


84(5Қаз)  
Б77

**Қасым  
Ботанов**

**ЖАНАМА  
ЖАЛҒАН**



ҚАСЫМ БОТАНОВ

# ЖАНАМА ЖАЛҒАН

Теміртау 2013

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз-5  
Б77

Ботанов Қасым. ЖАНАМА ЖАЛҒАН. — Теміртау:  
Б 77 "Арко" ЖШС, 2013 - 232 б.

ISBN 978-601-204-181-1

Ақын Қасым Ботанов, бұл жинағында адам мен табиғаттың қарым қатынасын тілге тиек етеді. Шексіз әлемнің құпия құбылыстары мен адамның тылсым дүние аралығынан үйлесімді заңдылық іздейді. Өзін әлемнің бір бөлшегі ретінде сезінеді. Кітап оқырман қауымның көңілінен шығады деп сенеміз.

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз-5

ISBN 978-601-204-181-1

© Қ. Ботанов



Белімді будым тәуекеліме,  
Қиынға жұмса мені елім.

Еңсесін ердің дала көтеріп,  
Күдіктен мүлдем арылдым.  
Өмірді сенсіз талақ етемін,  
Жаным құрбаны арымның.

Қанымда қайнап алапат сезім,  
Қапасты бұздым,

азатпын.

Еншіңе біреу алартса көзін,  
Құрбаның болар қазақпын.

Кереметтер көрмеген ел түсінде,  
Өркениет дамыған өрт ішінде.  
Білім,  
Өнер,  
Ғарыштың соқпағы да,  
XX- сыншы ғасырдың еншісінде.

Қарақшыдай, қанжары қойынында,  
Күркіреткен соғыстың сойылын да.  
Алдау,  
Арбау,  
Жазықсыз қан төгу де,  
XX-сыншы ғасырдың мойынында.  
Бірде жұмақ, ал бірде заманақыр,  
Алмасады ауламда салады асыр.  
Тозаққа ма,  
шынымен пейішке ме,  
Мына ғасыр аттанып бара жатыр.

Өтсін ғасыр,  
өшпейді қырдағы ізім,  
Егемендік - мызғымас бұл қазығым.  
Азаматтық жырыма арқау болды,  
Ғасыр жүгін көтерген жиырма жылым.

Қиылмады қапыда қыршын демім,  
Тұғырдағы қырандай сілкінді елім.  
Ата - бабам сан ғасыр аңсап өткен,  
Пешенеме жазылған бұл күн менің.

Өмір - өзен аптығып, ыршып аққан,  
Шешілмеген алдымда тұр сұрақтар.  
Қылыш кеспас сертім бар жүрегімде,  
Құрыш тектес еркім бар,  
ынтымақ бар.

Еншісіне ешкімнің бұйырмаған,  
Түгінен май тамызды қиыр далам.  
Мұнай селі Ақтауда ақтарылып,  
Тарих жатыр Алтайда шиырлаған.

Қарағандым - кен көзі сарқылмаған,  
Теміртауым жалыны жарқылдаған.  
Топырақты мен бөтен баспас едім,  
Табанымда жатса да жарты ғалам.

Алыптармен үзенгі қағысқанда,  
Өршелене түседі намыс қанда.  
Енді заман көшінен қалыспаймыз,  
Арқа сүйер айбынды халық барда.

Батыс бізге кеудесін кергенменен,  
Иықтаспыз алпауыт елдерменен.  
Айдарынан күн сипар алашымның,  
Елу елдің сапына енгенде мен.

Қайран елім!  
Қабаққа жолатпай мұң,  
Енді жерге ерінді қаратпаймын.  
Күлің болса су болып тазартамын,  
Күдік болса от болып аластаймын.







Арсызға да еріп,  
Арлыға да еріп,  
Қиылып түсті қанжыға берік,  
Адасқан ұлың оралып міне,  
Иіп тұр басын алдыға келіп,  
Кешір мені Отаным.

## CREDO

Асқар Сәрсекеновке

Есім кіріп, етек жеңім жыйғанда,  
Ән іздедім, елім саған силауға.

Нұрландырып ділді,  
    мыйдың қатпарын,  
Жөргегімнен бесік жырын жаттадым,  
Табиғаттың тылсым үнін тыңдадым,  
Тек халықтың жеткізе алған мұң, зарын  
«Елімай»дан сазды әуен таппадым.

Есім кіріп етек жеңім жыйғанда,  
Тіл іздедім, елім саған сыйлауға.

Әлімсақтан келе жатқан сақталып,  
Тасқа басқан тарихымды ақтарып,  
Гомерге де,  
Жамбылға да жүгініп,  
«Супанікус» сөздігіне үңіліп,  
Сақ тілінен орамды тіл таппадым.

Есім кіріп, етек жеңім жыйғанда,  
Дін іздедім, елім саған сыйлауға.  
Айдосаннан,

    Аглосанға ат салып,  
Көктен түскен төрт кітапты жастанып,  
Көңіл жетпес шексіздікке таңданып,  
Тоқсан тоғыз атын атап Алланың  
«Көк Тәңірден» артық дінді таппадым.

## ҚАСЫМҒА

Қасым Аманжолова

Асылдар өтті дәуірден,  
Қасымдар өтті,  
Сұрапыл соғыс күркіреп, жасындар өпті.  
«Өзімен бірге өлмейтін» жалын жырлары,  
Ғасырдан асып, бүгінгі ғасырға жетті.

«Отаным»-десе ерекше шабыттанатын,  
Парнасқа шырқап шығатын қағып қанатын,  
Бөтен бір елде таласпай падишалыққа,  
Елімен бірге жүретін ғарышқа жақын.  
Толғаса жырды жүйкенің тамызып қанын,  
Егемендіктің тұтатты тамызықтарын.  
Сауын атадым бағыштап рухыңа сенің,  
Бақытты ұрпақ атынан бар ұлыстағы.

Біз бүгін одақ елінен көш ілгеріміз.  
Өзегі жалын өндіріс өтінде жүрміз.  
Өшпейді біздің жүректен,  
жасын ағалар,  
Хандардан қалған киелі есімдеріңіз.  
Халықта қайсар мінез бар өзіңнен біткен,  
Өтсе де ақын, қойылмас өмірге нүкте.  
Жүрегі жердің өшпейтін жалынға толы,  
Өзіндей жандар қойнына көмілгендіктен.

Ата жолынан адаспау ерге сын деген,  
Жетесіздікті қашанда ел кешірмеген.

Галлактикалар өшпейді-  
рухтар олар  
Орбитасынан таймаған жер бетінде де.

Өшпейді тілім,  
өшпейді тұлғаларымыз,  
Тарихқа таңба басады қылқаламымыз.  
Асан атамыз өңгеріп әкете алмаған,  
Ешкімге таба етпеспіз бұл даланы біз

Абайдың мұны миыма еніп  
тамғанда,  
Сәкеннің сазы қанатын керіп, талғанда,  
Тасбақа таулар тұралап, шөгіп қалғанда,  
Қасымның жыры мені де елітті арманға.

«Солдаттың сірі етігі» - тарамыс жаным,  
Өзіңнен кейін кешігіп қалам ұстадым.  
Отпенен суға салып жүр «келер Қасымды»  
Ұран боп қалған ұрпаққа «Қазақстанның».



Ерте ме кеш бұл фәни көзін ілер,  
Тіршіліктен күдерін төзім үзер.  
Сен жүгінді межеге жеткізерсің,  
Арғы жағын тарихтың өзі білер.

## САЯСАТ

Көзкөргендер шындықты сынамайды.  
Сөзмергендер,

«көзге атып құралайды»,

Өз беделін дәріптеп жұрт алдында,  
Саясатты «сайқал» - деп кінәлайды.

От шығады тигенде таға тасқа,  
Бірімізді біріміз таласақ та,  
Әлімсақтан сомдалған халық үшін,  
Жала жабу күнә ғой саясатқа.

Неге ендеше сайлаудың әр шешені,  
«Адалмыз» - деп халқына ант етеді.  
Сайқал саясатқа кім қия алады,  
Төлені,  
Қазыбекті,  
Әйтекені.

Әділдікте имейтін ханға басын,  
Бүгінде қалмады би,

қалмады ақын.

Алдында дос, дұшпанның атой салып,  
Сөйлесе қара қылды қақ жаратын.  
Біле тұра заманның ескірін,  
Кірлетпеген есімін тектілерім.  
Саясатқа жүргендер күйе жағып,  
«Сайқал саясаткерлер» деп білемін.





## ТЕРМЕ

мақамы Ермек Сариндікі.



1

Тебреніп тұрғам жоқ тегіннен,  
Өмірді еңсеріп тастадым.  
Маңдайдың баяғы шебінен,  
Шегініп барады шаштарым.

Білмеппін бағанды кезінде,  
Іздеймін кірпігім қадалып.  
Шоқ салып көнерген сезімге,  
Келіп кет қонаққа балалық.

Өмірдің бағына таласып,  
Қыз сүйіп көңілді жібіттік.  
Тағы бір қалайын жарасып,  
Келсеңші оралып жігітік.

Сендірер ізгілік ісіне,  
Үлкендік жасасақ жарадық.  
Қамқоршы болайын кішіге,  
Ұқтыршы сырыңды ағалық.

Ат басын тіремей өтпейін,  
Жол түсіп аулыңа жоласақ.  
Мезгілсіз келдің деп сөкпейін,  
Мазала жанымды болашақ.

Қайғының қанатын жолатпай,  
Сарылып сағынып тосқаным.  
Бәрі де келеді қонаққа,  
Төрімде отырса достарым.

Земля! Поклонись человеку!

О. Сулейменов.

Аманында Айдосанның,  
Күн,  
Айдың,  
Жаратылыс заңдылығын сұраймын.  
Кеше көкке табынатын мақұлық,  
Ойламайды «құлымын» - деп Құдайдың.

Айдары күн,  
Сүк саусағы көк тіреп,  
Жұлдызға да қолдың ұшы жетті - деп.  
Кешегі құл, құдіретке айналып,  
Жүр мінекей Жер-Ананы тепкілеп.

Алла артық жаратқанда «үмметті»,  
Осыншама асқынарын білмепті.  
Олжас аға. -  
-«Жер адамға мәңгілік  
Бас июге» - емес шығар міндетті.

Жер адамға табынудан шаршады,  
Адам жерге табынатын күн жетті.



## ҚАРА СУЫҚ

«Желтоқсан құрбандарына»

1.

Құрсағынан құрдымның жаратылып,  
Желтоқсанда тап берді қара суық.  
Республика алаңы қанға бөгіп,  
Қарғап жатты қаланы аласұрып,

Бозасынан бақсының ұрттап алып,  
Империя түнертті бұлт қабағын.  
Қыздарымның қырқылып бұрымдары,  
Қалтырады қорғансыз Құртқа-бағым.

Апай төсі аспанның қопарылып,  
Қаһарынан жым болды жота бұғып.  
Аққан қанға көз жасы аналардың,  
Араласты,  
алаңды жоса қылып.

Дүлей боран өңірін жұлқып ашқан,  
Қақырады жағасы жыртық аспан.  
Кілең боздақ қиылып қыршынынан,  
Қаралы жел өтінде жұрт ұласқан.

Өші бар ма осынша қағынатын,  
Әр мүйіске соғады тағы басын.  
Отқа түскен «Одақ» деп халық едік,  
Осыншама не болды тарылатын.



Тұрған шығар бәрін де біліп ішің.

Жігіт қайда, сондағы сайыпқыран,  
Қыздар қайда,

сырғасын қайық қылар.

Ауыздығын шайнап жүр әлі күнгі,  
Адамзаттың алдында айыптылар.

Сыр бүгеді зымиян,

мыстан қауым,

Жасырады халықтың дұшпандарын.

Куәгерлер азайып келе жатыр,

Сен тірісің сол түні жұтқан жалын.

Егеменмін,

кеніді құт, өрісім,

Шешілер ме құлдықтың кісені шын.

Сені қиып кетпей ме бір алапат,

Ашылғанша ақиқат күтемісің.



Арландықтан ада болған абадан-  
Ши бөрімін ауыл иті талаған.

Қарыным тоқ,

рухани азық жоқ.

Араным аш,

жылан тілі жалаған.

Тауфиқ тілеп,

Алла жолын қалаған,

Періштелер қашып кетті қаладан.

Пенделерін сатып кетті заманым,

Менің де ертең шығарылар жаназам.

Жарға соқты күміс қанат арманым.

Айналамда алдау,

арбау,

жалған үн,

Жауынгердей жау тылында,

қоршауда,

Жалғыз қалған үмітімді жалғадым.

Сейілте алмай сезімдегі тұманды,

Дал боламын,

болашағым күмәнді.

Пәктігімді іздемеймін,

тозаққа

Ала кетем,

қайтарыңдар күнәмді.

Мынау түннің тастай берік қамалы,  
Шексіздікте жиһан жылжып барады.  
Коммунизм орнататын қоғамның,  
Бағы тайып, кері кетті қадамы.

Менің санам, қиял емес алғашқы,  
Бір басымнан екі ғасыр алмасты.  
Мен жиһанды жер деп қана жүріппін,  
Топан екен,  
қармайтын тал қалмапты.

Сол түстікте самұрық құс самғаған,  
Шығысымды нән айдахар жалмаған,  
Батысқа да басымды изеп алданам,  
Бәрінен де іштен шыққан жау жаман.

Төр бұйырмай заманауы үнгірден,  
/Бөбектеймін ойыншығын бүлдірген./  
Апай төсті алпауыттар ішінде,  
Табынатын пұт-та таппай жүрмін мен.

Күресуге жетпейді - деп - дәрменің,  
Құлағыма күбірлейді әлде кім.  
Шыңыраудың құлап түскен түбіне,  
Айды аспанға шығара алмай әуремін.

Бәрі өзгерді.  
 Құндылықтар алмасты.  
 Заман сірә ақылынан алжасты.  
 Жауға қарсы жұмылатын жұдырық,  
 Жақынынын жағасына жармасты.

Бабалардың өсиетін өшіріп,  
 Ібілістен ілім алдық көшіріп.  
 Ақиқатты адастырды жолынан,  
 Шындықпенен некелескен өтірік.

Бүгін халық көсемдерге ермейді,  
 Қандасының қасіретін көрмейді.  
 Қарызға бат,  
 Күнәға бат,  
 Суға бат,  
 Көршің саған қол ұшын да бермейді.

Бүгін әйел,  
                   есептемей ертеңін,  
 Ғашықтың да құшағына енбейді.

Ғасыр өтті өз міндетін атқарып,  
 /Тарих үшін бұл әрине қас қағым./  
 Тәрбиесі жүрмей қойды адамға,  
 Арасаттың алаңынан басканың.

Еңсемізді бір албасты басқандай,  
 Санамызда жатыр бір зіл батпандай.  
 Күн жүйесін тастап мына қара жер,  
 Қияметке құлап бара жатқандай.





Қаншама соғыстарда қаным да аққан,  
Қалармын қалайша бұл қауымды ақтап.  
Болайын күнім жетсе құрбандығың,  
Баламды құрбандыққа бауыздатпа!  
Адамды құрбандыққа бауыздатпа!

Алдыңда күпірліктен жасқанып ем,  
Пенденді кешіре гөр Жаппар ием!

16.11. 2010ж.



Шен жамылған

мадақ сөзден жалықпас,  
«Америка қолдайды» - деп халық мас.  
Дж. Гиффен\* - ЦРУдің агенті,  
Адасқанға ақыл айтып жарытпас.

Намысыма өшпес таңба жұқтырып,  
Шетелдікке құрақ ұштым тік тұрып,  
Жарылқаушым сілтеп алыс,  
Екі мың  
Отызыншы жылды қойды күттіріп.

Басып кейде желікпенің көрігін,  
«Оян қазақ» - дейді ішімде өр үнім.  
Есірткіден есі кеткен алыптай,  
Ұлы жолда ұлып жүрген бөрімін.

*\*Гиффен - қазақстанның 2030 жылға дейінгі дамуының, халықаралық саясатының жобасын ұсынған кеңесші. «АҚШқа зор пайда келтірген, ЦРУдың маңызды агенті» - деп бағаланды.*



Жүйке тозып,  
шалдығып,  
шаршағанда,  
Құлап түсіп шалғынды шаршы алаңға,  
Зеңгір көкке суарып жанарымды,  
Қуат алам,  
Бір тылсым тартады алға.

Бір жүйеде ғаламзат бүр атады,  
Қырмызы гүл,  
көк терек,  
кұба талы,  
Тұрған білем, тікелей эфирменен,  
Құдіреттің күшінен қуат алып.

Санаң жетпес түйсік бар табиғатта.  
Табынатын Хақ сөзі - шариғатқа.  
Түкпірімен жиһанның тілдеседі  
Балауса гүл, толмаған балиғатқа.

Таң қылып та,  
есімнен тандырып та,  
Ми қатпарын ұшқынмен талдырып та.  
Мен сезбейтін байланыс жүйесімен,  
Дұғай сәлем жолдайды мәңгілікке.

Боздақ біткен аттанғандай  
                    майданына нарықтың,  
Қаладағы кітапхана  
                    жетімсіреп қалыпты.  
Кәусар - білім бұлағының  
                    көзін ашар біреу жоқ,  
Түрі жаман халықтың.

Баз біреулер «Бизнес» - деп  
                    жүйкелерін түтеді,  
Жастарымның мойынында  
                    «интернеттің кісені.»  
Ал кітаптар,  
Айнымайтын адал жардай,  
                                    олардың,  
Оралуын күтеді.











Тағы да атып таң келе ме расында,  
Тағы көктем жан бере ме жасынға?  
Ояна ма жасыл алқа жапырақ,  
Солып қалған XX-сыншы ғасырда.

Дүрліктірген қай желіктің жорығы,  
Қоштасудан қиын қазір жолығу.  
Саябақта,  
        соңғы тамған жасындай,  
Жапырақтар баса алмайды солығын.

Қалшы менен,  
        жапсырылмай қалшы мұң,  
Жүрегімді жуадайын аршыдым.  
Қашанғы енді күйдіреді тілімді,  
Кермек дәмі кірпіктегі тамшының.



Тақпасын кінә, шырайлым,  
Алдамшы - жалған,  
ескердім.

Жек көріп кетсең шыдармын,  
Ұнатып қалсаң не істермін.

Жазғаны болар құдайдың,  
Бұны да бастан өткердім.  
Түңілтіп кетсең шыдармын,  
Түсіме кірсең не істермін.

Артында қалды тұманның,  
Шеруін тартып көшкен күн.  
Көріспей кетсең шыдармын,  
Кездесіп қалсаң не істермін.

Жеті тәулік жанары тұмандатып,  
Шабыттанып тың ойдан тұмар басы,  
Жер жиһанды сомдаған Тәңірімнің,  
Әйел шығар ең үздік шығармасы.

Әйел биік тірліктен несіп терген,  
Әйел асқақ пендеден бесік көрген.  
Әйел үшін топырақ құнарсыз боп,  
Қабырғасын Атамыз кесіп берген.

Ерік берсе бір сәтке Хақ Тағалам,  
Құзырыма бағынып жатса ғалам.  
Қалмас еді әлемде еркек кіндік,  
Әйелдердің үмітін ақтамаған.

Ал өзім ше?

Лүпілдеп бүкәл денем,  
Бар күдіктен арылып түтіп жеген,  
Хауа қыздың орнына қабырғамнан,  
Сенің асыл бейнеңді мүсіндер ем.

\*\*\*

(Осы халық әйелдерді көп дейді)

М. Мақатаев

Осы халық еркектерді аз дейді.  
Аздығына өздері де мәз дейді.  
Нағыз еркек таптырмайды әйелге,  
Шыққан жерін беліңізден қаз мейлі,  
Алла атына арызнама жаз мейлі.

Әйел біткен еркектерге жаны ашып,  
Қызыл кітапқа енгізер шамасы.  
Бірақ,  
    бірақ  
        мақұлықтай сондағы,  
Арта қоймас еркектердің бағасы.

\*\*\*

Әйелдер-ай!  
Таңсық көрем бәрінді.  
Талақ қылып тәрбиені, тәлімді,  
Мәжнүндердің махаббатын менсінбей,  
Сарыауызға силай салдың тәніңді.

Әйелдер-ай!  
Ердің мыиын ашытқан.  
Сағым болып сылқылдайсың қашықтан.  
Әтеш болып қоразданды құмарпаз,  
Әтек болды өздеріңе ғашықтар.

Үйенкілер үзеді  
Жапырағын,  
Жабырқаңқы күз еді  
Жасыл ағын.

Жасырады сағымды  
Бұлыт - қайғы,  
Күзгі сезім қанымды  
Жылытпайды.

Махаббаттан бас тартың  
Өтті көктем,  
Әбілет боп жастар тым,  
Кетті деппе ең.

Енді мынау жүрісің  
Күзгі күнгі,  
Сақтап едің кім үшін  
Қыздығыңды.

Өлуге де тұр дайын  
Саябағың,  
Қалтырайды қыз - қайың  
Ая жаным.

Есениннен ертерек  
Жазылған бар,  
Әтекке де еркелер  
Қағынған қар.

Маған да енді аз ақ күн  
Назданасың,  
Кірем бұзып дозақтың  
Дарбазасын.

Бау құлазып,  
Әдеттегі қызметін қыс атқарып,  
Жапты тағы  
Ағаштардың иығына ақ шәлі.

Шыршалардың  
Самайына ақ шашақтар төгіліп,  
Қырқалардың  
Кеудесіне қонақтады көгілдір.

Бақта сонар  
Себелейді жұмбақ ізді жасыра,  
Бұл ақша қар  
Бақ па қонар ғашықтардың басына.

Нем кетеді  
Манаурайды батыс шамын өшіріп,  
Тербетеді  
Ай - сәбиді аспанның ақ бесігі.

Айналада  
Тіршілік жоқ, тынды самал шаршаған,  
Аймала да  
Сүйші жаным, сәтім ғой бұл аңсаған.

Көресің бе  
Тазалықтан жаратылған бұла түн,  
Сенесің бе,  
Бұла түнде ғажайыптар туатын.

Ересің бе  
Ертегіге апарайын жетелеп.  
Көне түнде  
Қиялдауға құдіретің жете ме?

Баласындай  
Періштенің құшағыма қонатын.  
Дәл осындай  
Перизат түн жігіт шақта болатын.





## ТАҢҒЫ ТҮС



Таңғы түсті тағы да қызықтадым,  
Тамырымда тасыды қызып қаным.  
Ұйқыдағы сезімді тұтандырып,  
Жалын құйды қаныма қылықтарың.

Айықпайтын бір дертке қалды басым,  
Неге мұнша жүректі жандырасың.  
Қайда жүрсің жанымның жалынына,  
Қанатымен су сепкен қарлығашым.

Жалын демін кеудеден шығармадық,  
Жанып бітпей бұл жүрек тынар ма анық.  
Сені де өртеп отына алам ба деп,  
Жақындамай жүремін шыр айналып.

Қылығына қалайша байланғанмын,  
Құштарлықтың күшіне қайран қалдым.

Сезім селі тасыса, топанынан  
Сақтамайды кемесі пайғамбардың.

Таң бозарып жұлдыздар сөнді міне,  
Үңілемін сен бе деп көл гүліне.  
Бар күнәдан тазарып шығар едім,  
Жанарынның шомылсам мөлдіріне.

\*\*\*

Кезегендер жылжымай тынбайды анық.  
Жыл сайын жер шығады күнді айналып.  
Бір сақина түседі ағаштардың  
Діңгегіне,  
жастарын жылдар жазып.

Айналса әлем, кайтеміз,  
көнбейміз бе?  
Бұл айналым өтпейді келмей бізге.  
Әжелерім ішетін қалампыр шәй,  
Сақинасын басының емдейміз -деп.

Сақина - жыл,  
Менің де басымдасың.  
Бір айналым татыйды ғасырға шын.  
Қалампыр шәй - күлкіңмен емдеп келем,  
Жылдарымның басының сақинасын.

\*\*\*

Соңында ақпанның,  
Астында ақ қардың,  
Тылсымды тірліктің,  
Лүпілі басталды.

Самалдың шанағы,  
Жіпсіді шамалы.

Шеруге дап-дайын,  
Ереуіл аланы.

Көне саз жаңғырып,  
Есіңнен тандырып,  
Танымай ауланды  
Тұрасың мәңгіріп.

### ШАЛШЫҚ

Көктемде!  
Көгілдір көк белде,  
Бұлттардың көбесі сөгіліп,  
Ақ жаңбыр сіркіреп өткенде,  
Шалшыққа қалды аспан төгіліп.

Жуынып, шәйініп бақтар да,  
Тап-таза тамылжып тұр аймақ.  
Балалар!  
Шалшықты баспаңдар!  
Алмаңдар аспанды ылайлап.

## БОЗТОРҒАЙ

Қакады қыс,  
боранын түтіп бетке,  
Торғай отыр тасада үсіп текке.  
Отаншылын қарашы бұл бейбақтың,  
Жылы жаққа құс болып ұшып кетпей.

Қыз бетіндей төсінің қызыл дағы,  
Әрең отыр қыршыны қиылғалы.  
Үлбірейді боранда бармақтай құс,  
Қай жеріне сиып тұр шыбын жаны?



Мұхит бейне бақсыдай  
                                 артық ішкен бозаны,  
 Желөкпе жел үп етсе,  
                                 делебесі қозады.

Толыбайдың батасын алған тұлпар-толқындар,  
 Тежей алмай арынын,  
                                 тасқа басын соғады.

Дүлей Дию мұхиттың сапырады сабасын,  
 Секем алып сезімім,  
                                 барлап көрдім жағасын,  
 Тынық мұхит деңгейі тізеден сәл асқанда-ақ,  
 Терендікті сезініп, тітіркеніп қаласың.

Шегінгенде су асты пәрмен алып тереннен,  
 Табанымның астында,  
                                 құрлық беті безерген.  
 Қошқар мінез толқындар,  
                                 қайта ұмтылып, ышқынып,  
 Албастыдай басты кеп, асып түсіп төбемнен.

Аламанда андыздап,  
                                 акуладай араны аш,  
 Толқын қуып келеді ат тоныңды ала қаш.  
 Жыны буған бақсы бұл,  
                                 көбіктенген езуі,  
 «Токсан қойдың терісі тон болмаған Шарабас»

Жұлып кеткен толқынмен жағаластым, жүздім де,  
Бақсы атаулы болыпты бабамызда біздің де.  
Қойлыбайдың қырық күрен перілері қолдай гөр,  
Әлде мына ұлыңнан күдерінді үздің бе?

Шыбын жаным шырылдап,  
қыршыным да қиылмай,  
Жүзіп жүрмін толқынның азуына бұйырмай.  
Шайқап-шайқап алды да,  
қайта әкеліп жағаға,  
Ылақтырып жіберді, жұртта қалған бұйымдай.

Жан алқымға тығылып,  
аптығым да басылмай,  
Шықтым әрең жағаға, үрейімді жасырмай.  
Бойым байсал тартады,  
құлай кеттім шағылға,  
Қара дәуді дәл қазір жеңіп келген батырдай.



Ұлы Соғыстың ұлымын,  
Кинодан көрдің шатағын.  
Сондықтан кеште,  
                        кұлыным,  
Тыныштық тілеп жатамын.

Ұлы Соғыстың ұлымын.  
Келесі күнге боп алаң,  
Шымырлап жүйке,  
                        жұлыным,  
Тыныштық тілеп оянам.

Ұлы Соғыстың ұлымын,  
Жеңіске жетіп түледім.  
Тірліктің сипап тұлымын,  
Тыныштық тілеп жүремін.

Ұлы Соғыстың ұлымын.  
Тыныштық менің керегім,  
Әлемнің бейбіт нұрының,  
Аманаты боп келемін.

Хақ жолын баса көктеп,  
Халықпыз көшкен еркін.  
Жат жұртты қошаметтеп,  
Жақынға өкпелейтін.

Желігі жиі ұстайтын,  
Түртеді түлен күнде.  
Қисыны қиыспайтын,  
Міні бар мінездің де.

Кезінде қылыштыны,  
Қамшымен түсіргенбіз.  
Пейішті бұзып кіріп,  
Тозаққа түкіргенбіз.

Бір дінге бағынамыз,  
Бір дінді сағынамыз.  
Қол жетсе бүлдіреміз,  
Жетпесе табынамыз.

Қоймаймыз талап аса,  
Ер құнын сұрамаймыз.  
Дұшпаның табаласа,  
Достарды кінәлаймыз.

Жисаңшы есіңді енді.  
Қалайша өкінбей біз,  
Дұшпанды кешіргенде  
Достарды кешірмейміз

Күрделі жұмыс күндерім,  
Атқардым істі бір керім.  
Көрсетіп бақтым зағипқа,  
Кемпіркосақтың тіндерін.

Мақсатқа жетпей тынбаспын,  
Атырдым таңды,  
                              түн қаттым.  
Мылқауға өлең оқытып,  
Керенге қобыз тыңдаттым.

Десең де «бәрі бекер ғой»,  
Тылсымға мына жетер ме ой.  
Түнекке сәуле түсіру  
Ақынға парыз екен ғой.

Шақшадай басым шарадай болып жүргенде,  
Мірдің оғындай түйрейді бейпіл тіл кейде.  
-«Жас әйел алып, жасарып мүлдем кетіпсің.»  
Күмілжіп қалдым, әзілдеп құрбым күлгенге.

-Қуанып кейде,  
жүрсем де кейде құлазып,  
Әбілхаяттың ішпедім суын сұранып.  
Ажалдың қолы ұзындау,  
жетер бір күні,  
Қарттықтың қолы жетпейді маған!  
Бұл анық!

Періште мен сайтан кезек азғырып,  
Хақ жолынан таймағаным күмәнді.  
Құдай өзі кеше жатар күнәмді,  
Арзуымды өзіңе айтам тағдырым.

-Сенен маған керегі жоқ түктің де.  
Сау басыма ақырзаман төндіріп,  
Зейнет үшін бейнетіңе көндіріп,  
Жібегімді жүн қылдың ғой түттің де.

Тар жол, тайғақ кешулердің үстінде,  
Мен секілді өлермендер жүр қанша.  
Құтыларсың көзді ашып жұмғанша,  
Менен саған керегі жоқ түктің де.

## РЕПЛИКА

«Радиактивті қалдықтар жерлеуге  
Қазақстанға жеткізілді».  
Газеттен

Шықпаған көз көрместі де көреді,  
Еске аламын сөз қалдырған көнені.  
-«Ақын біткен туып бәрі ауылда,  
Қартайғанда Парижге кеп өледі.»

Ал атом ше?  
Қуат беріп жат елге,  
Қалдықтарын неге бізге көмеді?

Париж болса,  
                    сынығындай асылдың,  
Кесенесін дәріптейді ақынның.  
Бабалардан бізде белгі қалмады,  
Тәу етем бе бейітіне атомның.

## АҚЫРЗАМАН

Көлеңкеге көміліп көне жарық,  
Яжуж-мәжуж\* барады белең алып.  
Динозаврға төнген ақырзаман,  
Адамға да жақындан келеді анық.

Қай дәуірдің басына қонады бақ?  
Астероид себеп боп обалына,  
Жойылғанда алыптар,

өркениет

Бір сатыға шығыпты жоғарылап.

Зандылық бар айнымас пешененен,  
Заман көшкен.

Бабам да көше берген.

Ақырзаман бір бекет,

сәл аялдап,

Қайта түлеп көгерем көсегемнен.

Тәулік сайын ашылмай бір жаңалық,

Тығырыққа заманым тұр қамалып.

Бұл да тұтас Жиһанның зандылығы,

Шағынасың кімдерге,

кімге налып.

Қапаланба, замандас,

уайымдама,

Бізден негіз қалады жойылмаған,

Өлімменен өмірді бір деседі,

Квант теориясын мойындаған.

Фотон\* жарық сәулесін таратқанша,  
Жүйкеңді жеп шығасың таң атқанша.  
Қайтем енді.

мандайдын бақ пен соры,  
Жаратқанның нұрына қарап қалса.

*\*Яжуж-мәжуж - ақырзаман алдында пайда  
болатын бұзақы халық.*

*\*Фотон - нұр-қуат, жаратылыстың негізі.*



Бұйырған пешенеден маған ғалам,  
Әу бастан қатыгез боп жаралмаған.  
Аңдардың арасында өмір сүрген,  
Мәжнүн де ит пен құсқа таланбаған.

Бүгінім кетті мүлдем күрделеніп,  
Абыл өлді,  
                  /білді ме бірдемені./  
Қабылдың таңбасы бар маңдайында  
Біреулер талайды кеп күнде мені.

Бауырым,  
                  тіршілікте күнбе күнгі  
Аңсаймын Қабылымды бір көруді.  
Бір тәулік таланбасам,  
  ұмытармын  
Адамдардың ішінде жүргенімді.

## КҮН КЕЛЕДІ

Тарпаң дала таңғы шыққа безеніп,  
Ұйқылы ояу самал сайды кезеді.  
Қарағайлар маужырайды мауығып,  
Қайың-қыздың іші нені сезеді.

Қараңғының бетпердесін бүркеніп,  
Кеңістікті сапырады түн-пері.  
Пайда болған жарылыстан алғашқы,  
Сансыз жұлдыз тым тырағай үркеді.

Уақыт пен кеңістікке жарасып,  
Құс жолында күн жүйесі адасып.  
Түйір жерді паналаған адамды,  
Алла нұры аймалайды жаны ашып.

Сана жетіп,  
сезбейтұғын жүрек еш,  
Шексіздікте шашырайды бір елес.  
Ньютонның формуласы ескіріп,  
Қалғандығы жиһан үшін түк емес.

Қүдірет күш болмаса да қолда түк,  
Тәңір берген жұмыр жерді қорғасып,  
Мың бүлдіріп,  
мың қайтара түзетіп,  
Жер бетінде жүрмін жұмақ орнатып.

Ғасырлардан жеткен алыс жол қинап,

Қоныс теуіп,

шөккен нардай қоң жинап.  
Нарттай қызыл құрыш құйып қолқаға,  
Ырыс болып ыңырсыды комбинат.

Кеңістікте,

комбинаттан тысқары,  
Табиғаттың заңдылығын ұстанып,  
Ару-шығыс күн-сәбиге толғатып,  
Таң сәріде қанатады пұшпағын.

Жауырына жаба тоқып шоқпытын,  
Көне қырат тілемейді көп күтім.

Жын қуғандай

етек жеңі түріліп,  
Жер түбіне жөнep берді көк түтүн.

Мұржалардың ұшар басы көк тіреп,  
Күннің нұры маңдайынан өпті кеп.  
Жаппай жылу қауіпінен құтылып,  
Жерде жұмақ орнататын сәт тілеп.

Қызыр баба жанарына нұр ұйып,  
Көк Тәңірдің құдіретіне сиынып,  
Ғаламшарға ғашық сезім таратып,  
Күн келеді!  
Күн келеді жымыып!

## ЖОМАРТ

Күн болып тұтатып шырағын,  
Ырысын таратып кененше,  
Баршаға түсірді шуағын,  
Өзіне бұйырды көлеңке.

Гүл болып бұтақта тұтанып,  
Тәңірден тілемей күтімді.  
Баршаға таратты жұпарын,  
Өзіне сіңірді түтүнді.

Ауа боп,  
                    аптапта тымырсық,  
Оттегі озон боп жарылды.  
Кеңейтті баршаның тынысын,  
Өзінің тынысы тарылды.

Жер болып құлдыққа жалданып,  
Жалаңаш кеудесін от қарып,  
Тірліктің жүрегін жалғады,  
Өзінің жүрегі тоқтады.

## ДАЛЬТОНИЗМ

(Мұхамбедия Ахмет-Төреге)

Фотон - нұры көрінбес арасынан,  
Эльмисақта болыпты Қара тұман.  
«Жарық болсын»- деп Тәңір бұйырғанда,  
Алла нұры - Ақ сәуле жаратылған.

Жер үстінде тіршілік өрілгенде,  
Діл мен дінді құйғанда көңілдерге,  
Екі түстен басқаға бөлінбейтін,  
Ақ, Қарадан тұрыпты пейілдер де.

Қарашығын талдырған жанарының,  
Санасында түйсікті тәмам ұлдың,  
Күн мен түн жоқ,  
Батыс пен шығыс та жоқ,  
Ақ әлем бар,  
Бар және «Қара құрдым».

Ұлыс,  
Ұлт,  
Қоғамнан тысқарылыр,  
Аңдары бар, балығы, құстары бар,  
Бәрі бірдей — дальтоник,  
пейілдерде  
Дос қана бар,  
Немесе дұшпаны бар.

Төбемден төрелік қалап алған,  
Бабамыздан өсиет және қалған.

Адамдардың қатынас арасында,  
Ақиқат бар,  
Жалған бар - қара жалған.

Ақ, Қараны айыраp сезім дара,  
Өзің дана бола біл,  
өзің бала.

Күйіп піскен күндегі тіршілік жоқ,  
Тек өмір бар,  
Бар және өлім ғана.

Кірпігіне тамшы мұң ілмегендер,  
Шын қайғырып,  
Шын жылап, күлмегендер.  
Кемпірқосақ тіндерін айыра алмас,  
Ақ, қараны айыра білмегендер.

Жөн көрдің бе аярдан алдануды.  
Айыптамай пейілі тар қауымды,  
Арпалысып.

жағаны жыртыспадың,  
Тістемедің қапыда бармағыңды.

Сыпсың, сыбыс сумандап айналаңда,  
Серттей сенім күл болып жайрағанда  
Жасын түсіп,

өртеңіп кара орманың,  
Өкпен кара қазан боп қайнағанда,

Қалай өшіп қалмады балауса күн?  
Жарылатын сәт еді жанартауын.  
Қатпарына көңілдің сезім бұғып,  
Неге сенің шыкпады жанайқайың.

Бүгіп ішке сырынды жан білмеген  
Жайбарақат кісі боп қалдың неден?  
Ластанған көңілді

соңғы сәтте,  
Жуып шәйған боласын калжынменен.

## ҚАРЖЫ МИНИСТІРІНЕ КЕҢБС

Қорқатұғын ештеңе жоқ нарықтан.  
Байлықта іада озу керек жарысқан.  
Мемлекетгің қазынасы жетпесе,  
Сауын айтып,  
садақа жый халықтан.

Еш министр емес елді жарытқан,  
Қолда барда аларыңды алып қал.  
Қаншайымның көзқалтасы толмаса,  
Төбелтазға төрт теңгеден салық сал.

Бұл жалғанның бөріміз де қонағы,  
Пұл болмаса жәһаннам да солады.  
Ақша барда жәннаттан да бір орын  
Сатып а лсаң,  
Бәрі «О, кей!» болады.



## ДАУЫС

Дауысым бар  
жартас қайтара алмайтын.  
Жаңғырықтарға бергісіз.  
Жалғанда мына қайталанбайтын,  
Басбармағымның белгісі.

Басынан бағы тайған бағана  
Үміткер,  
шенге таласып,  
Жыл сайын өтер сайлауда ғана,  
Даусымның өсер бағасы.

Кім үшін?  
Неге жарысқа түседі?  
/Халықты алдау парыз ба?/  
Депутат біткен ант су ішеді,  
Даусымды сұрап қарызға.

Кептеліп көмей,  
құран боп тұнар,  
Қарамай қораш түріне.  
Ұлыстың күні ұран боп шығар.  
Халықтың қоссам үніне.

Сайлап алатын ардағын қайсы,  
Даусынды жеткіз кешікпей.  
Халықтың дауысы - Алланың дауысы!  
Vocs populi - vocs dei!\*

*\*Лат. -халықтың дауысы -Алланың дауысы.*

## Шырақ

Жарылысынан жалғанның,  
Жаралған алғаш қуатпын.  
Көз жұмған Квазарлардың,  
Соңында қалған шуақпын..

Мазасыз мыйға енермін,  
Сәулесі болып сананың.  
Аты өшпес әулиелердін,  
Кесенесінде жанамын.

Инфра-нұры шарлаған.  
Жиһанның бойлық,  
ендігін.  
Түйсікті тұңғыш жалғаған,  
Алғашқы сөздік - белгімін.

Тарылған шақта өкпе кең,  
Жылытам тұсын жүректін.  
/Жұлдыздар шуақ төкпеген,  
Күні жоқ қара түнектің./

Әлсізбін,  
бірақ әлемнін,  
Меірімі үшін күресем.  
Белгісіз Ата - Әжеңнің  
Бейтінің басын күзетем.

Жиһанмен жарық құрдаспын,  
/Алладан түскен аятпын./

Ақынмен түнгі сырласып,  
Көбелектерге - маякпын.

Өмірдің мәні қараң қап,  
Баспасын түнек тұманы.  
Өшірме мені  
Адамзат!  
Жанғанша таңның шырағы

## ДАУЫЛПАЗ

Алды артымда лағып кеткен жол қалып,  
Болмысыма көңіл толдмай,  
долданып,  
Көне мұра - дауылпазды қолға алып,

Әй келіп дауылдаттым - ау,  
Селдетіп, жауындаттым - ау.

Сейіліп бір қырау қатқан бұлт-қабак,  
Жынды судан азын аулақ ұрттап ап,  
Табанымда құжынаған қыртта қап,

Бұлттарды дүркіреттім - ау,  
Бұршақты сіркіреттім - ау.

Мынау фәни- тіршілікте не көрдім,  
Қокыс көсеп,  
күл суырып көнердім.

Бүгін ғана биігінен өнердін,

Аспанды жасындаттым - ау,  
Тауларды тасырлаттым - ау.

Өмірдін бос өткеніне арландым,  
Жаңа ұққандай жалғандығын жалғанның,  
Соңғы сәтте атын атап арманның.

Сілкініп шеруге шықтым,  
Күйкіні көріне ТЫКТЫМ.

Дабыл қағып дымкес кеуде далада,  
Түтүнменен тыныстаған қалада.  
Жыраулардан жұрнақ қалған санаға,

Шерімді ақтардым-ау бір,  
Өмірде ақталдым - ау бір.



Бастан кешкен қауіппенен қатерлі.  
Бұхараның бұраландау жолы шын.  
Ұлы халық иығына көтерді,  
Ұлы Отан соғысын.

Дұшпан онда келген еді бетпе бет,  
Ағаларды аттандырды ел ішкі.  
Фашизмды қарғап сілеп өскен ек,  
Жылап сықтап қарсы алғанбыз жеңісті.

Бір жеңіске жетіп елім бақ қонып,  
Шын жеңіске жетпей қойды қол ұшым.  
Жиһандану заманына тап болып,  
Әлі жүрмін Отан үшін соғысып.

Көзге қораш,  
                                    әлжуаздау болсам да,  
Шыбын жанды шүберекке түйін мен,  
Жүрмін бүгін Ленинградттық қоршауда,  
Рейхстагты алам деген үмітпен.

## ӨЛІАРА

Математик- көне шалға,  
Сенбесеңіз санаңыз.  
Отыз күннен он екі айға,  
Бөлген жылды бабамыз.

Күнтізбесі жаса лыпты,  
Сақтап уақыт тәртібін.  
Өліара деп аталыпты,  
Артық қалған алты күн.

Қарлы маусым,  
                                басып жаншып,  
Қалтырайды құба қыр.  
Алты ай қыстың ақырғы алты  
Қадамының жүгі ауыр.

Қазанбұзар қалпында тұр,  
«Он үшінші» - ақырғы Ай.  
Елге симай алтын басы,  
ішіп кеткен ақындайі.

Боран ұлып,  
                                жауын ұрып,  
Еш маусымға сиыспай.  
Өліараның жаны бүлік,  
Барымташы бұзықтай.

Қайтқан құстан лек тізілмей,  
Хабары жоқ ұзақтың.

Сақау қыздың септігіндей.  
Сөйлегені бұлақтың.

Қыстың тайып бастан бағы,  
Жанталасқан өзара,  
Соңғы алты баспалдағы,  
Ең қиын ай-өліара.

## САЙҚЫМАЗАҚ

Күледі ол,  
тартып азап.  
Жылағанын жасырып.  
Цирктегі сайқымазақ,  
Актерлардың ақыны.

Топастардың арзан ісін,  
Ар,  
намысын саралап,  
Ақымақты ойнау үшін.  
Ақыл керек ғаламат.

Жұрт күлкіге көмілуде,  
Жүйке тозып,  
шаршаған.  
Күлкілі боп көрінуге,  
Шабыт керек қаншама.

Өмір де цирк -  
құйын,  
елес,  
Актерларлардың өрімі,  
Дарынсызға қиын емес,  
Данышпан боп көріну.

Қалың беттен қан шығарар,  
Қалжынының сыйқыры..  
Сондықтан ол - сайқымазақ,  
Сондықтан ол күлкілі.





# ЖҰЛДЫЗНАМА

## СОНЕТТЕР

### Тышқан

Өзгелерден жыл басын бұрын көрген,  
Тағдырына қырсығы қырып келген.  
Кемесіне жармасып найгамбардың,  
Жарысып-ақ келеді жырынды елмен.

Астық жиып, қор жиып аласұрған,  
Тышқандардай таппайсын мазасыз жан.  
Адамдардан екі есе көп деседі.  
Тышқан тектес,  
осыған нанасың да.

Есте қалып топан су кезіндегі.  
Аштық қысып кемені кеміргені,  
Ескерілмес өмірді қорғасқаны.

Құтқарам деп сырқаттан адамларлы.  
Зертханада ғұмыры тәмамдалды,  
Ешкім бұған ескерткіш орнатпады.

### Сныр

Батпан майды ақ сүтке а.імастырған.  
Ақ иейілін ә.іемге арнан гуган.  
Сиыр жылы «какпакгы кара казан»,  
іенгі баба л.ісіүрін жа.мастырған.

Бұрылмайтын жолынан бұрынғының,  
«Жаңалығын» жақтырмай жырындының,  
Қиындыққа мойымас,  
қанағатшыл,  
Аузымды аққа жеткізген сиыр жылым.

Сәті түсіп Зевсті қызғанатын,  
Іші күйсе Гераның тұз жаласын.  
Бізге қымбат танакөз ИО-анамыз.

Үміт артып ағы мол туар жылға.  
Үйге кірген қарасұр жыланның да,  
Ақ тамызып басына шығарамыз.

### Барыс

Қуат-күштен атомды жарып, атқан  
Жаралыпты жұлдызын жағып аспан.  
Сол алғашқы қуаттың бір ұшқыны.  
Жер бетінде Барыстың бағын ашқан.

Желөкпе емес кеудеге желік қонған,  
Барыстектер еліне берік қорған.  
Қол бастар Ұл туар ма.

аналары

Жүрегіне барыстың жерік болған.

Басқа байлық немене - қолдың кірі,  
Қуат қана ер құны.

елдің құны.



## Ұлу

Біздің Ұлу -  
Шығыстың айдахары,  
Жәһаннамға жететін айла шары.  
Қайдан келіп Ұлумен таласып жүр,  
Қиырда жоқ, мақұлық, сайда саны.

Аллозаврларменен қол ұстаса.  
Жоғалып ед, көзден де болып таса.  
Әлі күш і жер басып жүрер ме еді,  
Персей келіп, сорына, жолықпаса.

Алдыңды орап өрлігін мойындатып,  
Қайманаға құзырын орындатып,  
Құйрығымен жер сабап жатқан ұдай,

Қулығына бойлатпай құрығынды.  
Қан шығардай үзетін жұлынынды.  
Айдахардың тісінен сакта Құдай.

## Жылан

Сыйқыр әлем сыйғызған тұмар басы,  
Сейсмолог сезімтал - жылан Бапы.  
Мәлике маран сұлу шомылады,  
Көктемнің шуағына құмар, ғашық.

Жер-жиһанның жыйнаған құпиясын.  
Ақылі, ойдың қашанда мысы басым.

Хауа - Ана да арбалған аярлықтан,  
Адамзаты сен қайда құтыласың.

Пайғамбарды құтқарып, батасын ап,  
Әскуклаптың оралып асасына,  
Заңдылығын болжаған ғарыштардың.

Жалтақтамай болары болған іске  
Ақымақтың қолынан бальзам ішеп,  
У іш.

тамса тісінен данышпанның.

### Жылқы

Шабанлоздың тамырда қайнап қаны.  
Өршеленер өр көрсе бәйге аттары.  
Қамбар ата қолдаған кентаврлар,  
Бәсекеде бір бірін қайрап та алды.

Ат жалына жігіт боп жармасқалы,  
Жарқылдады сан топта алдаспады.  
Бүгін міне мәрт мінез аласарып,  
Жауыртауға айналды Парнас тауы.

Пегас тауды гтепкілеп аласұрды.

Міз бакпады Геликон,

таға сынды.

Инокреннен нәр тамбай қауғасына.

Екі қатын алғанның басы дауда,  
Қырық әйелді әтештер жүр ән салып.

Бекер шығар; тауықсыз таң атары.  
Жұмыртқадай атамның аө отауы.  
Жұмыртқадай аршылған әлем міне.

Жетесіадер жабатын жа.іа жаман.  
Қус емес-деп- тауықты габалаған,  
( анамайды адам - деп -ліедді де.

### Ит

Иттің досы, саналы адам едік.  
Қазынаға киелі баға беріп,  
Итпен қоса адамды сатып кеттік,  
Достық сезім жүректе арам өліп.

Ит жылы туған адам төресінді  
/Осылардан көресін көресінді./  
Адам талап балтырын қанағанда.  
Амалсыздан сипайсын төбетінді.

Ойлаушы едім,  
-Сақшы да, қолбасы да,  
Қиянат жасамайтын жолдасына,  
Ит жылы туғандардың Сырттан бәрі.

Сараладым талайдың кісілігін.  
(Кісілігі көбінің кіші гірім.)  
Қайдасындар жігіттің Сұлтандары.

## Доңыз

Мейлі тағдыр еншілеп түк бермесін.  
Мейлі өтсін айналып күткен несіп.  
Еңбегімен табады бар бақытын,  
Мүшел жастын мойымас сүткенжесі

Қайрағына сенімі бекем бұнын.  
Өткізбеген жұмыссыз бекер күнін.  
Шошқа тағалағандар түсінбейді.  
Соңғы жылдың жүгі ауыр екендігін.

Неге бұны «харам»-деп аластайды,  
Бұл ешкіммен еншіге таласпайды.  
Барын сеніп береді сәл ұнатса.

Арам емес ақшаға арын сатқан,  
Кенже бала қалатын әлімсақтан,  
Ие болып киелі шаңыраққа.



БҰРЖЫ ТАҢБАЛАРЫ

СОНЕТТЕР ГҮЛТӘЖІ

«Мәңгі қазақ календарын» ашқан  
Сайлыбай Бекболатовқа.



3. Тоқты - Хамал\*  
(18 сәуір - 14 мамыр)

Жұлдыздармен бәлізденіп аспаным,  
Құлпырады алтын жүні тоқтының.  
Махаббат пен ғадауаттан басталып,  
Бұл сапарда тоқтыларға жоқ тыным.

Жаналыққа жаны құмар және де,  
Қошқар осы,

отызда орда бұзатын.  
Айлық жерден аты шыққан пәлеге,  
Іздеп барып соқтығатын бұзақы.

Мақсатына Хамал сызып төте жол.  
Тағдырымен жанталасып өтеді ол,  
Көктей басып кеңістіктің құрдымын.

Бұл фәниде бұлар аспас жоқ бөгет,  
Тағдырына тура қарап бетпе-бет,  
Бал ашады таңбалары бұржының.

4. Торпақ /Үді/ - Сәуір.  
/14 мамыр - 21 маусым/

Бал ашады таңбалары бұржының.  
Үді-Торпақ таңсық көрер бұндайды.  
Бар міндетін өгіз күшпен тындырып,  
Бағаланбас іске мойын бұрмайды.



Тиянақты тындырмайды бір ісін.

Тыйанақсыз тіршілікке тез көніп,  
Мінезі де тұрады кіл өзгеріп,  
Күрмеуіне келмей кейде қысқа жіп.

Байсалдыққа жеткізгенге тәрбие,  
Желеп жебеп әулие мен әнбие,  
Бағдарлайды болашақтың тұспалын.

б.Сушаян /Құшық/ - Рак  
/20шілде - 11 тамыз/

Бағдарланды болашақтың тұспалын.  
Көрсен қызар бикештерше қызығып,  
Құшықтардың\* шегінетін тұстары.  
Тәулігіне тұрады төрт құбылып.

Тым ұялшақ.  
сүйкімді һәм сымбатты,  
Отбасының кемелдігін силайды.  
Әзілді де ікөтермейді тым қатты,  
Жақындардың сынағаны қинайды.

Күдікшіл-ақ,  
өзіне де сенбейді,  
Бірақ қайсар, қолдан намыс бермейді.  
Сезеді алда Ұлы жеңіс тұрғанын.

Биігінсе көтерсе де ел мейлі.

Алақанға бақытты сап бермейді  
Қай жұлдыздың қамқорында туғаның.

*шаянды қайталамай, рақты Құшық деп атаған  
жөн болар.*

7.Арыстан -Әсет  
/11 шілде - 17 қыркүйек/

Қай жұлдыздың қамқорында туғаның,  
Сол кеседі тағдырынның тұсауын.  
Арыстанға бұйыртыпты мырза-күн,  
Еркелік пен махаббатың құ шағын.

Қайрат берген,  
    парасат та,  
                    жігер де.  
Айбат берген сипатпайтын жалынан.  
Озін өзі ұстасын деп шідерлеп,  
Азын аулақ менмендік те дарыған.

Ұлықболса кішілікке көне алмай.  
Кісілікте өзін өзі жеңе алмай,  
Сезбей қалар ұтылғанын, ұтқанын.

Астамдықты тежей біліп, егер сен  
Ата жұрттың алғысына бөленсен.  
Тағдырына тигізеді ықпалын.

Сұлулықты құдай тұтып  
қысылмай,

Бірге туып,  
бірге қайнап өнермен,  
Өмірді де өнер туындысындай,  
Эрмитаждан іздейтұғын өлермен.

Жеті муза әлемінде жүргесін,  
Табиғаттан таба қалса уйлесім,  
Қиыстырып келтіреді кисынын.

Экспонаты секілді бір көрменін,  
Әдіптетіп әсемдіктің өрнегін.  
Сәуегейге сыбырайды түн сырын.

Ю.Сарышаян /Ақырап/  
/22 қараша - 30 қараша/

Сәуегейге сыбырайды түн сырын.  
Тек шаяндар тағдырына бағынбай,  
Қасарыспай таңы атпайды.

күн шығып,  
Жан мен тәннің үйлесімі табылмай.

Жаратылған осыншама күрделі,  
Кейде пері.  
кейде аппақ періште.  
Жан берсе де жеңіп алар жүлдені,  
Махаббатта ес білмейтін желікпе.

Ақша табар айла амалын асырып,  
Құпиясын қап түбіне жасырып,  
Қулығы төрт құбыланы тең басқан.

Қамықпайтын жау шапса да анталап,  
Өз өлімін жүреді өзі арқалап.  
Кешіп өтіп кеңістікті сел жапқан.

*\*Шаяндар қауіп төнгенде өзін өзі шағып өлтіреді*

## II. Жыланды /30 қараша - 18 желтоқсан/

Кешіп өтіп кеңістікті сел жапқан.  
Шаяннан соң жолығады Жыланды\*.  
Жібімейтін жүрегінде шер - батпан,  
Мойындамас құдайың мен құранды.

Алғаш ашқан Анамыздың түйсігін,  
Қияметті жер түбінен сезетін,  
Аңыз қылып айтады жұрт сүйсініп,  
Құтқарғаның пайғамбардың кемесін.

Тапқан осы сан жұмбақтың шешімін.  
Атамызға ашқан фәни есігін.  
Қысылғанда керек жерден табылып.

Оқытады.

азғырады,  
арбайды.



Данышпанның даналығын жалғайды,  
Сана жетпес заңдылыққа бағынып.

*"Бұржы таңбаларына енбей қалған,  
эллипсоид жолында кездесетін шоқжұлдыз*

12. Мерген/Қауыс/  
/18 желтоқсан - 19 қаңтар/

Сана жетпес заңдылыққа бағынып,  
Сүйсінісіп-ақ тұратындай ел ішкі.  
Сый, құрмет.

атақ, ырыс,

казылық,

Үйіп төгіп мергендерге беріпті.

Бәрін көріп,

ашпақ болып жаңалық.

Сөз бен ісін шығаратын бір жерден.

Жеті жұртта жатса дағы тоналып,

Нысанадан жанылмайтын Сұрмерген.

Қастерлеумен қасиетті сезімін,

Жүз алданса жоғалтпаған сенімін,

Көрмеген еш жақсылықтан жаңылып.

Сан сүрініп.

қиындықпен күресіп,

Келеді олар ел көшіне ілесіп,

Жаратқанның жасыл нұрын жамылып.

13.Ешкімүйіз /Ұғылақ/  
/19 қаңтар - 16 ақпан/

Жаратканның жасыл нұрын жамылып  
Құбылмалы тағдырымен санасқан.  
Әр қадамын аңдап басқан тағылық,  
Шыңдық кезген тауешкіге жарасқан.

Жанарының түнегі бір ашылмай,  
Қабак шытып,  
қынжылып-ақ жүріп іс.  
Еңбегінің берекесін қашырмай,  
Өрмелейді өзі шығар биікке.

Сауға сұрап ешкімге бас иемейді,  
Жағынуды,  
табынуды білмейді.  
Тек жақсылық күтеді олар ел жақтан.

Махаббаты салқын.  
темір - төзімдей  
Болашақты бағдарлаудан көз ілмей,  
Төбемізден телміреді зерлі аспан.

14.Сукұйғыш /Дәлу/  
/16 ақпан-12 наурыз/

Төбемізден телміреді зерлі аспан  
Зерделіге сәуле құйып шырағы.  
Арасынан пенделердің жер басқан.

Жүзден жүйірік,  
мыңнан тұлпар шығады.

Атой салып,  
ат ойнатып  
ту алып,  
Халық үшін қарсы жүзер тасқынға.  
Дархан пейіл, дарындылар туады,  
Сукұйғыштың жұлдызының астында.

Еншісіне еңбек қана бұйырып,  
Ел жүгінен жауыр болып иығы,  
Бар жазуын сарқып лаһул тақтаның.

Хақ жолына тіреледі түбінде...  
Бар ғаламды сыйғызған бір түйірге,  
Мейірімді Алла атымен бастадым!!!

## 15. Кілт

Мейірімді Алла атымен бастадым!!!  
Жаппар ием болам сенің құлдығың.  
Жұлдыздармен бәдізденіп аспаным,  
Бал ашады таңбалары бұржының.

Көңіл жетпес кеңістікте нұр жанып,  
Болашақтың бағдарлайды тұспалын.  
Қай жұлдыздың қамқорында туғанын  
Тағдырына тигізеді ықпалын

Түпсіз ғалам тамылжытып тылсымын,  
Сәуегейге сыбырайды түн сырын,  
Кешіп өтіп кеңістікті сел жапқан.

Сана жетпес заңдылыққа бағынып.  
Жаратқанның жасыл нұрын жамылып,  
Төбемізден телміреді зерлі аспан.

## ЖАНАМА ЖАЛҒАН

(Сырғанды қайық қылып өткіз мені.  
Халақ әні)

Жұлдызды жалған -  
тарихы өткен күндердің.  
Аспанның жұтып жұпарын өкпемді кердім.  
Құмсағат сынды құйылып  
құрдымға қарай.  
Жылжыйды жиһан -көкесі көшпенділердің.

Жапсарлас жатқан жиһандар аралығында.  
Жұлдыздар бөлеп аспанның шанағын нұрға.  
Құйындай ұйытқып құс жолы  
/галлактикамыз/  
Жылымдай сіңіп барады кара құрдымға.

Ұшқын бар түйсік түбінде  
санада жанған,  
Шарпылып соған жанымды жаралап алғам.  
Қара құрдымнан әріде күтеді бізді,  
Түсіңе түнде кіретін  
жанама жалған.

Көбелек көңіл қонғандай көрікті гүлге,  
Жетеміз біздер бақилық келісті күнге.  
Бар екені хақ.  
жапсарлас ғажайып өмір.  
Жалғанның мынау уақыт - кеңістігін де\*«



## АСТРОФИЗИК

Планетарин-

жұлдыздардың әлемі,  
Тылсым түнде аспан қандай әдемі.  
Пері-түннің сырын ашты перизат,  
Жеткізгендей Көк-Тәңірдің сәлемін.

Пәкиза қыз

- астрофизик бұл керім,  
Жәйіп салды фотон спектрлерін.  
-«Өшіп қалған квазарлар тарихы,  
Көріп жүрген жұлдыздардан күрделі.

Бағынатын біз білмейтін заңдарға,  
Мынау жалған жалғыз емес

таңданба.

Қара құрдымға құйылып бұл әлем.  
Өтіп жатыр «жанамалы жалғанға.»

Сан жиһанды сыйғызатын құшағы,  
Жанамалы жалғанның біз тұтамы.

Құйын көкке

Иірім су түбіне,

батырғандай.

Құрдым бізді жұтады.»

Пәкиза қыз қойды еппен жымып.

Мен сезбеймін галлактика құйынын.

Сезетінім, шым батырар бетінде,

Жымыстан пайда болған иірім.





## МАЯНЫҢ КАЛЕНДАРЫ

Өлшеп пішіп қойыпты кім ертеңін,  
Арман,

үміт,

ақиқат түгел сөніп,

Мая өркениетін жұтып тынған,  
Көкжиекте барады күн өртеніп.

Қабыл болмай құдайға құлдығыңда,  
Қараң қалып, қулығың, сұмдығың да.  
Қармаута тал табылмай, күн жүйесі  
Құс жолының барады құрлымында.

С ауға сұрап ақырғы ақыраптан,  
Тәніріне табынып жатыр аспан.  
Періштені арбайды аіхимик — күз,  
Алтын жамбы өндіріп жапырақтан.

Бір түймсік бар санамды шиқырлааған,  
н келеді ғайыптаи сыбырлаған.  
Шындық болса Маянын календары.  
Бныл тэмәм боладды і үмырнамам.

Күндестердей керісіп,

күнкүлдесіп,

Ағаштардың қалыпты құр сүлдесі.  
Жаздай жиған жасауын соңғы күздің  
Алды тонап Маянын күніпбссі.

Күннің аасты шығарып жиі бүлік.

Үйдей пәлем үстіме үйіріліп,  
Көріпкелдер жер шпарын боріктірлі,  
Үй іініне кеткендеі бүйі кіріп.

Пенлелерлің біткен мен бар шыдамы,  
Таусылмайды дәм тұзы әлі  
Махаббат бар сақтайтын тіршілікті,  
Ахыретке шығатын қарсы барып.

Болжапты деп біреулер күрсінбеші.  
Кеңісікте кезеген жүрсін көшіп.  
Мәңгілікті меңзейді Сайлыбайдың,  
Сызып берген қазақи күнтізбесі.



Өркениет мыңІ Дамып.

жұтаған мың,  
Бүртік-безін сыздатып бұталардың,  
Феррамондар анқыса құнажыннан.  
Қартаймайды мұрыны бұқалардың.

Ата тек,

ана текті құрап олар,  
Бір саты жоғарыдан тұрақ алар.  
«Ғаламды сақтайтұғын сұлулық»-деп  
Айтпаған текке сірә ғұламалар.

Арылып бітпесе де қырсық әлі,  
Бес құрлық күн астында құлпырады.  
Болмасын қай заманда,

қай дәуірде  
Табиғат кемелдікке ұмтылады.

## ҚАРАҢҒЫ ЗАТ

Төбемнен төніп қара түн ғаламды басқан.  
Үніліп түнге мен емес жаңалық ашқан.  
Жұлдызды жиһан тұрады тоқсан бес пайыз,  
ҚАРАҢҒЫ ҚУАТ,  
және де ҚАРАҢҒЫ ЗАТТАН.

Тақтағы ханның төрі тар,  
таптағы бидің,  
Жиренше сыйған шебіне шап-шағын үйдің.  
Тылсымы түпсіз түйсіктің,  
Тоқсан бес пайыз  
Қараңғы заттан тұрады қатпары мыйдың.

Түнектен басқа жиһанда түк қалмады да,  
/Беймаза біздің тіршілік түс болғаны ма?/  
Тәңірдің сана-сезімі,  
күш - қуаты да,  
Қараңғы заттан тарайды  
ҚҰСЖОЛДАРЫНА.

Біз тіпті зат та емеспіз  
сынап қараңыз,  
Түйіршік те емес,  
сезілмес қуат қанамыз.  
Өлгеннен соң да енеміз қараңғылыққа,  
Тозаққа да біз бармаймыз  
жұмаққа да біз.



Өз қолыммен сомдап едім өмірді.

Қала орнатып,

бақ өсіріп,

баптап-ақ.

Ақша бұлтпен әшекейлеп көгімді.

Таңғы шықты мөлдіретіп тап таза.

Көтере алмай бір ғасырдың сынағын,

Қапелімде пейіл неден түнілді,

Қастерлеген қасиетті жұмағым,

Аяқ асты әлде неден бүлінді.

Қателікке ұрындырды бұл ісім,

Адам затын енгізем деп жұмаққа.

Жаһаннам да бар екенін ұмытып,

Хақ жолынан алыстаппып жыраққа.

Бүлдіріппін,

кешіріңдер мырзалар,

Қызыл шала құйрығына қыстырып.

Жел өтінде жөтеледі мұржалар,

Көк түтінмен көк тәңірге түшкіріп.

Жұмақ көшіп тек жаһаннам қалған ба?

Жер тағдырын жетесізге тапсырдық.

Қорқынышты келу мына жалғанға,

Қашып шығу бұл жалғаннан-сатқындық.





Тәңір шебер

куаты айғақ болған,  
Жұлдыздардың шеруін жалғап қолдан,  
Орбитаның жолынан адастырмай,  
Тартылыстың заңымен байлап қойған.

Өмір деген зередей ұшқын ғана,  
Қараңғы зат\* қапысыз тұтқындаған.  
Мәңгілік - Хақ көұзыры  
галлактикаң,  
Құлап кетсе құрдымға пысқырмаған.

Пысқырмаймын болар деп ақырзаман.  
Хақ жолынан таймаймын,  
тақым қағам.  
Сүмбілеге санарға аттанарда,  
Тоқтар мына сүйір тіл тақылдаған.

Мейлі қырық құбылсын күнде заман,  
Кете алмайды өзгеріп мүлде балаң.  
Ағрафқа,  
Пейішке,  
Тозаққа да,  
Ғасырыммен келесі бірге барам.

Қараңғы зат — жиһанның басым бөлшегі.

## Е( КЕРТКІШ

Әлемдегі ең ардқты жан-АНА,  
Ең ауыр қайғы ананың қазасы

Осы болар ең ауыры азаның.  
Жусан дәмді жасқа толып жанарым,  
Қанатынан қайырылғандай қаламым,  
Құлыптасқа қаралы жыр жазамын.

Уыз сүтке адалмыз ғой жаппай біз,  
Ана есімін зердемізде сақтаймыз.  
Бірақ,  
Бірақ, әлсізбіз-ау, Анаға,  
Құлпытастан басқа ескерткіш таппаймыз.

Ауыр жылдар абүйірін қорғасқан.  
Қабіріне үңіледі сорлы аспан.  
Артық емес Анаң үшін әрине,  
Туған жерге тау әкеліп орнатсаң.

Мәзболамызқуаныпқолжеткенге.  
Қабіріне шыбық әкеп еккенге.  
Артық болмас еді-ау шіркін Ана үшін,  
Сусыз шөлге көл орнатып кетсең де.

Әзиз - Ана!  
Қадіріңді кеш ұғып,  
Әлсіздіктен сұрап тұрмын кешірім.  
Мықты болсақ, сахараның төрінен,  
Бұлақ болып ағар еді есімін.

Әлемдегі бар қайғыны ақтарып,  
Жұлдыздардың кірпігінен жас тамып,  
Біз де міне, жалғыз шумақ өлеңмен,  
Құлпытастан басқа ескерткіш таппадық.

## КЕҢЕЙУ

(Ғалымдардың болжауынша жиһан кенейіп келеді.  
Амандық нен Гуджанның немересі отау құрғанда  
жиһан бір шаңыраққа кеңейді)

Жарылыстан алғашқы жанар ашып,  
Кеңістік пен уақыт салады асыр.  
Содан бері төрт жарым миллиард жыл\*,  
Мынау ғалам кеңейіп келе жатыр.

Тіршіліктей жаны бір кемедегі,  
Құс жолында жұлдыздар келеді өріп.  
Бір жақсылық ғаламда орын алса,  
Бір өлшемге бұл жиһан кеңейеді.

Қарандаршы мөп мөлдір аспан қандай,  
Таңбалары бұржының дастандардай,  
Отау тіккен Данияр, Ботагөзге,  
Жаратылыс дәл қазір басталғандай.

Тәубе қылып бір парыз өтелгенге,  
Қариялар қол жайды көсемдерше.  
Аспан асты бір саты биіктеді,  
Шаңырағын жас отау көтергенде.

Қоңыр көлде қос аққу көрінгенде,  
Азат пенен Раушан көз ілген бе?  
Алты құлаш кеңейді күн жүйесі,  
Алты канат кереге керілгенде.

Жаппар ием тілекті қабылдасын,  
Жаратылыс заңынан жаңылмасын.  
Май тамызып махаббат алауына,  
Кеңейуден пейлдер арылмасын.

*\*Космоста уақыт жарықтың жылдамдығымен өлшенеді*



Қар жауып тұр Ұлыста,  
Ұлы күнде.  
Ада болып күдігім, күйігім де.  
Ақ әлемнің ішінде адасамын,  
Өлімін бе осы мен, тірімін бе?

Аппақ, аппақ қояндай қырат, белең,  
Соғып алам семізін тымақпенен.  
Армандай ақ көбікке шомыламын,  
Осы шығар пейіш,  
не жұмақ деген.

Маған Тәңір нәзіктік бергесін де,  
Күш бермеген, дұшпанмен белдесуге,  
Қаймананың бөлісіп қайғы мұның.  
Наурыз күні желпінем жер бетінде.

Көңіл жіпсіп, қырларым көріктенер,  
Құсқанаты жаныңа желік берер.  
Алла сөзін жеткізіп пайғамбарға,  
Қалықтайды ақ қанат періштелер.

Сәбилерге есігін арнап ашып,  
Қона қалған аулаға қар қалашық.  
Қардай аппақ пейілі,  
сүттей таза,  
Сәбилердей әлемге бар ма ғашық.



Тәлімді әңгіме дерлік,  
Таихтан тәрбие көрдік.  
Сәбилер жалғасы емес пе,  
Әулие - әнбиелердің.

Өсиет дәйім айтылып,  
Түйеміз тарыдай түйін.  
Өлілер разы болмай,  
Тірілер байымайтын.

Санасы ерте жетілген,  
Сертіне ел сенетіндер—  
Қолдасын әнбиелерің,  
Сәбиді еркелетіндер.









Егемендіктің байрағын ілгенде заман,  
Тіліммен ғана тәуелсіз күндерге барам.  
Ақсақалдарым жиылып,  
алақан жайып,  
Батасын берді, болсын деп тіл көзден аман.

## БЕСІК

(Әділдің шілдеханасында)

Шілдеханасыз,  
бесіксіз бала өсіппе,  
Нәресте үшін аспанда биік, несіп кең.  
Жұлдызға тартқан ғарышерлердің жолы да,  
Басталады екен Байқоңыр емес бесіктен.

Күн жүйесінде құрдымды кезіп, сел кешіп,  
Адам атаны өсірген екен жер бесік.  
Асқар да міне атанын жолын жалғады,  
Немере сүйіп,  
бедерлі бесік тербетіп.

Арманның асау тізгінін ұстап қолына.  
Шарлады жерді ат жалы түйе қомында.  
Бесіктен белі шықпаған нәрестенің де,  
Көшпенделірдің түйіршігі бар қанында.

Көшелі заман, сағымдайі жылжып көшеді,  
Атаға тартып жетелі жігіт өседі.  
Тоқтамау парыз, таусылса жолдың трабы,  
Адамға біткен қасиет мәңгі өшеді.

Үстінде жердің айтылып бітсе сан аңыз,  
Көбейді көкте «қара құрлымдар» қараңыз.  
Бесікке сыймай,  
ашады жаңа ғаламды,  
Ғарышты кезіп Әділ есімді баламыз.

Жер бесік қана, жауқазын өмір тұр өніп,  
Ашулы аспан қарайды кейде түнеріп.  
Атадан қалған аяулы дәстүр бойынша,  
Бесіктің бауы берік болсын деп тіледік.

Сұрапыл соғыс ғаламда,  
Жасындар өрген,  
Есте жоқ ескі заманда  
Ғасырға келгем

Бесігін аңыз тербеткен  
Намыс түлегі  
Далалалықпын мен, ержеткем  
Алысты көріп.

Ақын боп шықтым жыр дарып  
Ескеріп елім.  
Аға да болдым, бұл да бір  
Естелік еді.

Бүгінде тарғыл мұнардай  
Айнаға қарап.  
Танымай тұрмын, мынау қай  
Қаймана қазақ?

С оғыс,  
Соғыс  
Тарихта атыстар көп.  
Қауіп төнген шығыстан,  
батыстан кеп.  
Аңыздардан жаттадым-Арғы атамыз  
Жоңғардың соғысына қатысқан деп.

Соғыс,  
Соғыс.  
Ерлерді жасытқан жоқ,  
Қыршын өмір төгілді қасық қан боп.  
Бүгінгі ұрпақ айтады: - Арғы атамыз  
Ұлы Отан соғысына қатысқан деп.

## ЕСКЕРТУ

Супер-адам!  
Астамсыма,  
Болсада әлем құлдығың,  
Жер кішкентай Атлантида.  
Біз Помпейдің тұрғыны.

Әзірейіл шаш алғанда,  
Басқа төнер бір кесір.  
Атлантида жаһаннамға.  
Құлап кетіп жүрмесін.

## АЛГАДЛИДЫҢ ИІРЛТЫ

Алғадай едім,  
жасын-оқ дарып  
Жығылғам, құрбан шалынып.  
Астында жердің басы жоқ тәнім,  
Рухымын Кенесарының.

Ардың жолына атап арманын.  
Қайралды кекке намысым.  
Жақсылық досқа жасай алмадым.  
Кәуірмен күнде алысып.

Жаңбырмен жуып, ұлықтар әркім,  
Тәнімді тіктеп құлып-тас.  
Достарым мені ұмытар бәлкім,  
Дұшпаным мәңгі ұмытпас.

## БҰЛТ

Шаңырағы шексіздікке ұласқан,  
Тас төбеме төңкеріліп тұр аспан.  
Туырлық бұлт комбинаттың үстінде,  
Түйе жүнді шудаларын шұбатқан.

Мұржалардың мәртебесін айналып,  
Жүріп алды қанаттарын жай қағып.  
Бедеу бұлттай қаңтарылып отырмын,  
Тамшы тамбас қаламыма байланып.

Қалқыды бұлт көктің төсін қия алмай,  
Қонатұғын шың таппаған қырандай.  
Алуан ойлар ала қашып мыйымда,  
Аңыздайды жыр шумағы құралмай.

Қараңғылық көміп Жауыр тау үстін.  
Төс қағысып түтіндермен қауышты.  
Арай тұнды комбинаттың үстіне,  
Қызыл-жасыл құйрығындай тауыстың.

Омырауы айқұш-ұйқыш жасындап,  
Әшекейлі аспан келді жақындап.  
Қазір,

қазір төгіледі көк нөсер,  
Қағазына төнді міне ақын да.





## ГЕРОНТОЛОГИЯ

Қиямет жоқ ойымда,  
Өмір әлі бітпеген.  
Менің мерейтойымда,  
Сыйлық қанша күтпеген.

Геронтолог құттықтап,  
Құрдас еді бұл батыр./  
Сырлы сөзбен «ұшықтап»,  
Сыйлай салды бір ғасыр.

Жомарттығы жолдастың.  
Алдағыма аманат.  
Көп берсең де тоймаспын,  
Аз берсең де қанағат.

«Сыраға бал, сыйға сый»  
Түсінемін астарын.  
Өмір деген бір ғасыр,  
Өмір деген қас қағым.

Тойла сілтеп қызғанмен,  
Тәубешілдің бірі едім,  
Өткен өмір жылдармен,  
Өлшенбесін білемін.

Бұлбұл таңда жырласа,  
Нұрға тұнып бақтарым.  
Қалдым ғой деп бір жасап,  
Қуанатын қарттарым.

Бір жасаймын қиынын  
Қияметті жеңгенде.  
Бір жасаймын ұлымның,  
Қаз басқаның көргенде.

Ат арытып, тон тозып,  
Арман қуып кеткенде.  
Алты ай жүріп шөл кезіп,  
Ел шетіне жеткенде.

Өмір деген осылай,  
Ел ішінде жүргенім.  
Қиындыққа жасымай,  
Қуанғаным, күлгенім.

Ұлағатты ұққанша.  
Біз өмірдің қонағы.  
Өмір сүрсен Лұқпанша,  
Мың жасауға болады.

Күдік жанды кеміріп.  
Артында із қалмаса.  
Мүлгіп өткен өмірін.  
Өмір емес -далбаса.



Түйіршік боп саналы.  
Шексіздікте телегей,  
Бізден негіз қалады,  
Бөлшектенбес зередей.

Өстік Гомор. Содомда  
Күнәдан пәк емеспіз,  
Мүмкін әлде содан ба  
Голограмма - елеспіз

Қиыспаса жолымыз,  
Бұйырмаңыз айыпқа.  
Сау саламат болыңыз,  
Жолығармыз ғайыпта.



Жалғасуға жанарып жаратылған,  
Ұмтылады табиғат жарасымға.  
Парасатты қуат бар біз білмейтін,  
Квазар мен кварктың арасында.

Уйлестірсек әлемдік зат сананы,  
Ж а р а т у ш ы құбылыс басталады.  
Өзің оймен ғайыптан сомдағаның,  
Зердесінде жиһанның сақталады.

Шексіздікті Тәңірге балап келген,  
Нұр жауарын біледі ел талапты ерге,  
Санадан ба,  
заттан ба негізіміз,  
Бұл сауалға ешкім жоқ жауап берген.







## САЛДАҚЫ.

Соры бардай арылмас бір басының,  
Салдақы боп шығады шын ғашығың.  
Хауа ананың ұлдары - құрбандығы,  
Лилиттен тараған ұрғашының.

Жүз елу мың жыл күткен сорлы жары,  
Махаббатын сауалдап қор қылады.  
Қара жесір бүйі боп қалыңдығы,  
Ұрын келген күйеуге тор құрады.

Қылдай нәзік болсада тіні мейлі.  
Лінгендер бұл торға тірілмейді.  
Ажырғы мен ашылмас құлыпталған,  
Ер мойнында қыл арқан шірімейді.

Құр сүлдері салбырап қыл ұшында,  
Жел желігіп кеуденің қуысында,  
Бөлінетін шығарда шыбын жаны.  
Шырылдайды ажалдың уысында.

Дарбазасын тамұқтың ашып кіріп,  
Мәз болады күнаға батып тұрып.  
Сай тасындай жігіттің сырттандарын  
Салдақыға қойғаны-ай ғашық қылып.



Ақ сүтін Алаш емізгені үшін,  
Намысын жыртып,  
іздендім.

Жеті қазынам, сегіз пейішім  
Жез-тырнағында ілгеннің.

Теперіш сезім өзегімді өртеп,  
Тепсініп атқа қонып ем.  
Жиһандануға енемін ертең,  
Бабамның сара жолымен.

Ақ пейілім бар атамнан қалған,  
Сақталып асыл бұйымдай.  
Көшемін кері атамзаманға.  
Ақырзаманға бұрылмай.

# "БАРМЫСЫҢ БАУЫРЫМ"

телебағдарламасына хат

Көреген елім  
                  не деген жайсаң, жомартсың,  
Төріңе сенің  
                  телінген бір сәт қонақпын.  
Өмір көшінде  
                  тағдырдың тартқан кіресін,  
Төреден едім,  
                  төленгіттерді жоғалттым.

Төбеден түстім,  
                  тексізге бердім төрімді,  
Түлен түртті де,  
                  көзіме қара көрінді,  
Қас қағым сәтте  
                  бүлінді бейқам дүние,  
Төленгіттерім  
                  болмағандықтан сенімді.

Кейінгі патша  
                  нөкерін таңдап, саралап,  
Төленгіттерге  
                  таппаған сірә балама.  
Уәзір біткен  
                  құлдық ұратын алдында.  
Құлқынның құлы  
                  қылмайтын түкке қанағат.

Көмекші болып  
көлгірсігенмен көсемге,  
Сенуге болмас  
жемсауы жебір нөкерге.  
Ақшаға батып,  
араңдап мүлдем қалғанда.  
Сатып кетеді,  
қашып кетеді шет елге.

Осыны көріп  
ойымды терең діттедім,  
«Қайдасың бауырым!» -  
- сенімді саған жүктедім.  
Іздеу саламын  
елін де жерін сатпайтын,  
Сертіне берік  
ққайда екен ТӨЛЕҢГІТТЕРІМ.



Осы болды ма?

Жаудың да бетін көрмедің.

Жымысқы жендет қолынан қаза тапқанша,  
Абырой еді-ау майданның өтінде өлгенің.

## АНТ

Қандай қуат бүгін таңды жандырған.  
Қандай шуақ мейірінді кандырған.  
Шаршы аланда ант береді сарбаздар,  
Отан деген Ұлы сезім алдында.

Өлшеміндей намыспенен, ардың да,  
Өжеттік пен батырлық та бар мұнда.  
Бабалары қамшысымен қорғаған,  
Ант береді ұлы дала алдында.

Дәуір жүгі жауыр қылған абат-қыр,  
Сан жорықты бастан кешкен алап бұл.  
Жас сарбаздың жүрекжарды сертіне,  
Ұлы соғыс ардагері қарап тұр.

Жолынды жас жалғастырса- жақсылық,  
Келешегім көрсетпесін жат қылық.  
Қарт жауынгер күлімдейді,  
тұрғандай  
Ел тағдырын ұрпағына тапсырып.





Сезім-қанжар, жүректі жаралайды.  
Тәңіріне табынған қайран елім,  
Маған неге бұрылып қарамайды.

Көтермедім жігіт боп нардың жүгін,  
Мейіріміне халықтың зармын бүгін.  
Тәуелсіздік тілейді ел тәңірінен,  
Менің тәуелсіздігім - жалғыздығым.

## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ.

Ай болды бабам аттан түспегелі,  
Ас қылып алты малта ішпегелі.  
Батырдың мұз құрсанған балағынан,  
Өліара өлекшіндей тістеледі.

Қорғаштап тұлпар ізі түскен жерді,  
Тау-тасты, қымыз бұлақ, сүт көлдерді.  
Осы еді оралғаны ордасына,  
Тойтарып сұғанақ қол,  
сұқ көздерді.

Бір күндік тыныштығын мыңға балап,  
Найзасын есік алды қырға қадап.  
Босатып бадана көз кіреукесін.  
Ұйқыға беріліпті бір ғаламат.

Сойылын сайға тастап томар басты.  
Осылай бір жорығын тамамдапты.

Өліара - алты тәулік өткенінше,  
Ұйқыдан батыр бабам оянбапты.

Атқанда жетінші күн таранып таң.  
Табиғат үлгеріпті жанарып та.  
Бабамыз есеңгіреп тұрған екен,  
Жанардың жауын алған ғажайыптан.

-Япырау, мынау неткен келісті күн,  
Құлпырып кеткен бәрі жер үстінің.  
Күркіреп түстігінде жасын ойнап,  
Тұнып тұр жасыл нұрға терістігің.

Жас шыбық тойлағандай құмар шағын,  
Алыпты жапырақтан тұмар тағып.  
Қар еріп, қапталынан тамшы құлап,  
Шапқылап сайда бұлақ ұран салып

Көгертіп көсегесін күн жарықтық,  
Жауқазын гүлге толып ырғалып қыр,  
Сайдағы сойыл томар тамыр тартып,  
Найзанын сабы көктеп бүр жарып тұр.

Оятып бойындағы бар шабытты,  
Бабамыз жаңа күнді қарсы алыпты.  
Мынау күн жаңа өмірдің басы екен-деп,  
Ұлысқа Ұран тастап, жар салыпты.  
- Жазбасын ниетімді ел кесірге,  
Арғымақ дамылдасын кермесінде,  
Тоқтасын жорық біткен, соғыс біткен,  
Орнасын бейбіт өмір жер бетінде.

Жалаудай желбіресін бұла таным,  
Батырлық кімге керек құр атағын.  
Жер шарын алақанда аялайық,  
Барлық ұлт баласындай бір ананың.

Пейілдер жақсылықтан түңілмесін,  
Көмкерсін жас отаудың гүл іргесін.  
Қарттарым төсегінде күрсінбесін.  
Сәбилер бесігінде күлімдесін.

Шашырап шапағаты күн шуақтың,  
Бұлақтың көзі ашылсын.

ыршып ақсын.

Кешіріп бірін бірі өкпелілер.  
Мынау күн болсын күні ынтымақтың!!!

Ұялап көңілінде бірақ арман  
Бабамыз тәңірінен сұрап алған,  
Бірліктің,

ынтымақтың мерекесі.

Ұлыстың Ұлы күні мұра қалған.

## ХАН ИЕМ

Хан ием!

Үстем болсын Хан атағын.

Құлдығы құзырыңның қарашамын.

Қам көңіл,

жыртық жейде халықпын мен,

Құдайдан екі елі аласамын.

Заманның кинаса да құйындары.

Айылым Хан алдында жиылмады.

Зайырлы қоғам болып жарытпаған.

Мен болдым пешенеңе бұйырғаны.

Ел едім жерде басы бірікпеген.

Тұратын жаны жақын бүлікке де.

Дамыған алпауыттар қатарына,

Қаншама сүйресең де ілікпеген.

Таланған байлығы да,

қоғамы да,

Соятын жалғыз ақын қонағына.

Жалқаумын. жатып ішер,

ысырапшыл,

Қайтейін қалдым сенің обалына.

Қайрымды Хақтан емес сенен күттім.

Басыма байлық бітпей өлең бітті.

Келемін үміт үзбей болашақтан.

Асырап төрелер мен төлеңгітті.

Алқакөл сұламаны басып өткен,  
Бұл елдің емес бір сот жасы кепкен.  
Баукеспе барымтамын.

қанжығамда.

Қаншама билеушінің басы кеткен.

Күтеді келешектен осы нені,  
Бөлісіп бұйырмаған несібені,  
Қарамай қияметтің қайымына.  
Қатыным халық санын өсіреді.

Би айтса бір сөзінде тұратұғын.  
Хан айтса қасық қанын қиятұғын.  
Көрсетіп көзсіз ерлік,  
«Аттан!» десең,  
Шайқасқа сойыл ұстап шығатұғын.

Аңқаумын.

есін жияр анда сонда.  
Сенемін шекпен жауып алдасаң да.  
Адалмын болмысымнан Алдиярға.  
Төрені сатып кеткен қарғасам да.

## МУЗА

Күйі жоқ шаңырағы шаайқалғанның,  
Көне алмайтын қырсыққа қайсар жанмын.  
Қызойнақта отырмын қызық қуып,  
Сапалысын сараптап сайқалдардың,

«Көнизәгім»,

әрі жас әрі әдемі,  
Жек көрмейтін секілді және мені.  
Тәнтоятқа жанынды жетелейтін,  
Неткен ғана сүйкімді жәлеп еді.

Лыпыны да ілмеген қыз арына.  
Ұқсап ақ тұр сезімнің құдайына.  
Бір ақ түндік қызығым болсаң дағы,  
Сүйіндірсін Тәңірім ұзағынан.

Жалғыз едім,

жабы едім шұрқыраған.  
Жайлауым кең мінекей,  
жұртым аман.  
Тақуаны тайдырар тура жолдан,  
Нәзік үнін ұйлығып қыңсылаған.

Сүйкеніп тұр еркімен «елік» келіп.  
Қылығымен барады көріктеніп.  
Әлде мен басқалардан көп төледім.  
Әлде Иштар жолдады желік беріп.

Қисаймаған құрдымда көші кімнің.

Түскенімді тұзаққа кеш ұғындым.

Есім кіріп тіл қаттым.

-Танысайық.

Көріспеген құпиям,

есімің кім?

Танымадың ақыным.

көріскемін,

Түндеріңді ұйқысыз бөліскемін.

Қанат байлап ұшырған жырларыңды,

МУЗамын мен!

Киелі періштемін.

Періштем ау!

Шынымен өзің бе едің,

Талай таңға телміріп көз ілмедім.

Сенің ғана күнәсіз құшағыңда,

Қаларымды мәңгілік сезінгемін.

\*\*\*

«(Сүйемін» деп гүлдерді,

үзіп алдың сабағын.

Көбелекті «сүйем» деп,

түйреуішке қададың.

«Сүйемін» деп тотыны

темір торға қамадың,

«СҮЙЕМ!» деген сөзіңнен

сескенемін қарағым.





Тағдырым олжа бөліп.  
 Тан болып тұтқиылдан,  
 Бір тәулік қалған едім.  
 Сезімнің тұтқынында.

Құштарлық уысында,  
 Қалдым да есеңгіреп,  
 Ұмтылдым ұмытуға,  
 Бірінші дүйсенбіден.

Сен тұрдың сәл жымыып.  
 Үлпілдеп «өртеңгірің».  
 Қайтадан қалдым ұйып.  
 Сәтінде сәрсенбінің.

Жаныма бүлік құйдың,  
 Қаныма от жалыным.  
 Қалайша бұзып кірдің.  
 Құпия КОДтарымды.

Көңілде көнерсе де,  
 Намазы бесіндінің,  
 Арбалып көлеңкене.  
 Өтетін секілдімін.

Сезімнің құтханасы,  
 Жанымнан жырақтама.  
 Бір өзің құптамасаң.  
 Енбеймін жұмаққа да.

Күркірі көк аспаннын өктем неткен,  
Нәсер боп төгіледі көктем көктем.  
Есуас қиял кезіп кеңістікті.  
Қақаған қыс бораны естен кеткен.

Оянған өзендерде сең бұзылып.  
Құйқасын шымырлатып жер қызының,  
Құлағын шуылдатып тыныштықтың.  
Қытықтың құпиянды келді қызық.

Көмейде лүпілдетіп құстар әнін.  
Қайғыдан қапалыны құтқарамын.  
Жеткізем Мәди жырын кереңдерге,  
Шығып ап биігіне Үшқараның.

Шошыған жандай түсінен,  
Сап тиып түнгі күлкімді.  
Тынысын тартып ішіне.  
Табиғат тылсым күрсінді.

Миыма маза бермеген,  
Жаңғырық жаулап түн ішін.  
Сапырды қуыс кеудеде,  
Жаураған жаздың үмтін.

Бұлттардың қатып қабағы,  
Жапырақ жалын өртеді.  
Аспанның алып шанағы,  
Қорқыттың күйін шертеді.

Еріншек аспан есінен.  
Піседі күздің күбісін.  
Бозарған айдың бетінен,  
Үзілді тамшы.

Кім үшін?







Алла нұры көзімді қарықтырып.  
Тереземді тамшылар қағып кіріп.  
Борандардан жалыққан қаламызға.  
Көктем келді күттіріп зарықтырып.

Толғақ қысып көк долы өзендерді,  
Ашып тастап шекара,  
кедендерді.  
Төркініне оралған келіншектей.  
Қарсы алатын құстарды кезең келді.

Тамырыма құйылып тұмарларым.  
Шырқалады ғажайып құмар әнім.  
Демімменен сіміріп тааңғы аспанды,  
Тынысыммен қайтадан шығарамын.

Қала малтып жаңбырлы жел өтінде,  
Былдырлайды бұлақтар көне тілде.  
Қынабынан суырдым қанатымды,  
Көкке ұшуға дайынмын.

Ересің бе?



## ДИАЛОГ.

Ассалау!..

Аллам саған бас ұрдым ғой,  
Алдында құдірегінгінің жасырдым бой.  
Танымай қалдын білем,  
мен кәдімгі,  
Өзіннің сүйгеи құлын Қасыммын ғой.

Ғанибет жер бетінен Сізді көрген,  
Жүздесіп кетпекпісіз ізгілермен.  
Жасадым біраз өмір,  
ойыңызда,  
Жоқ па еді алып кету бізді жерден.

Хал жағдай?

- Құзырыңыз құп болуда,  
Сүймеген құлдарына құт қонуда.  
Қанат бар періште мен сайтанында,  
Мен болсам жаяу жүрмін құс жолында.

Әйел ме?

Ажырасқам, қайғым алда.  
Қартайып менде серттен тайдым Алла.  
- Балалар?  
- Өсіп кеткен кім біледі,  
Табынып жүргендерін қай Құдайға.

Уақыт тар?

Боп қалды ма ғасыр ада,  
Алла да әлде қайда асыға ма?  
Жұмағына жолдама сұрамайын,  
Автограф берсеңіз ашынама.

Жаралғаннан шоқ басып, ант аттағам,  
Өгей болды мен үшін жалпақ ғалам.  
Жетесізге жетіспей мейірімін,  
Жұмақтан да қуылып жан сақтағам.

Жарлығыннан жүрекке тарап қаным,  
Қай пиғылмен сомдадың жаратқаным.  
Бесігінен баз кешкен бейбағыңды,  
Азулыға жөн бе еді талатқаның.

Сіркесі су көтермес саяғы да,  
Жармасады битін де балағыма.  
Шарлап шексіз ғаламды, сұлдерімді  
Сүйреп келіп жығылдым аяғыңа.

Көп іздедім түнектен көрінбедің,  
Зағип қылдың соншама көңіл көзін.  
Жалбарындым

-жәрдем бер жаббар ием,  
Қалай іздеп табайын өзімді өзім.

Мәртебелі ұлыңмын,  
қолбаламын  
Тепкісінен тағдырдың қорғамадың.  
Жырынды боп жете ме жаһаннамға.  
Өзін сүйіп сезімнен сомдағаның...?

...Жаратқаным сұқ көзін қадады да.  
Тұрды үнсіз үніліп жанарыма.  
Мені желдей жеген сұрақтардың.  
Өзі дағы сөз таппай жауабына.



## МАЭСТРО.

Мы.лтыкбаев Орзғалиға.

Тал бесікті тербететін ән қандай  
Періштедей күміс қанат,  
ай маңдай,  
Әнмен бірге қасиеті ананың,  
Нәрестенің жүрегіне тамғандай.

Есейгелі етек жауып,  
ес біліп,  
Тан сәриде «alboradoo» естіліп.  
Күндіз қызу еңбек үні дүбірлеп.  
Серенада сыр шертеді кешкілік.

Ре минорда қызықтырып,  
қаласа,  
Фа мажорда құлпырады жаңаша.  
«Legato» сүйетұғын еріннің.  
«Staccato» күлгені де тамаша.

« Forte» үнмен мауыққаның көктемгі,  
Көрші қыздың көкейінен кетпейді.  
Мұң шаққаның соншалықты «piano»,  
Періштенің құлағына жетпейді.

Пернелерде үйлеспесе ән кенет,  
«Сасорфону» мазалайды әурелеп.  
Құдай үні - инфра дыбыс ғарыштан,  
Асқынғанды келтіреді таубеге.

Ит етектен

жау алғанда жағадан,  
Ұран салып айға ұлиды абадан.  
Тылсым сазға табиғаттай ұйыған,  
Қобыз кеуде МАЭСТРО әр адам.

\*\*\*

Көп алдында

күркіретіп көмейді.  
Көсем болып сөйлейтіндер көбейді.  
Өзін Құдай сезінетін «sapiens».  
Қандастарын хайуанға теңейді.

Асы сінбес біреуге мін тақпаса,  
Асқынғанды алады кім тоқтата.  
«Доңызсын» деп кемсітеді досың да.  
Бағзы күнде бір мінезін жақпаса.

Ұнар ма еді,

хайуандар бір-бірін,  
«Сен санасыз адамсың» деп аттаса.

Адам ғана еншісіне басқанын,  
Жаудыратын балағаттың батпанын.  
Ойлаймайды оқыс айтқан теңеуі.  
Намысына тиеді-ау деп шошқаның.

## АУДАРМАЛАР

ЮЛИЯ ДРУНИНА

### Махаббат

Өз өзіммен айтысамын қаншама,  
Кірпіктерім тесіп түнің түнегін.  
-Көз тартатын көрікті емес соншама -  
-Мейлі -дейді жүрегім.

Ұйқы қашты тырыссам да қаншама.  
Ақиқатқа жете алмадым,  
жүдедім.  
-Ақылды да емес тіпті соншама -  
-Мейлі - дейді жүрегім.

Көкейдегі күдік пе,  
әлде бағым ба?  
Апатқа тап болғанымды білемін.  
-Көне көрнеу түсесін ғой жалынға -  
-Мейлі - дейді жүрегім.

# ЕВГЕНИЙ ЕВТУШЕНКОДАН

\*\*\*

Бөліп берме бүтінінді көпсініп,  
Жер,  
    аспанды түгелімен бер деймін.  
Өзен суын,  
    теңіз бен тау көшкінің,  
Бер өзіме,  
    бөлшектеуге көнбеймін.

Ұсағыңмен өмір мені азғырма,  
Иығым тең, есіркеме қорғама.  
Жарты бақыт тілемеймін тағдырдан,  
Қайғыны да жарты беріп қорлама.

Біреу ғана менің жарты тілегім.  
Ақпа жұлдыз жүзігіңмен айтысып.  
Ақ мамықта жатқан ұйықтап білегі,  
Аяулымның жастығының жартысы

## ПРЕМЬЕРДІҢ ҚАЗАСЫ

Оқта ұлт жоқ.  
Ұлтсыз қырт көп...

Гитлер тірі жүр әлі бізге берілмей,  
Болады оны шал деуге, өрім жас деуге.

Ол кейде - араб, ол кейде ессіз еврей.  
Оклахомада жүреді кейде - Мәскеуде.

Көсем болғысы келеді батып күнәға,  
«Қырындар» дейді - қырады!

О, сұмдық.

осы баскесер болып туа ма,  
Екінің бірі, егіздің сыңары?

Сайран салады жын әлі  
Күрсініп тұрар көзімен соны көріп күн.  
Жиыrmасыншы ғасырдан  
жылымшы иіс шығады,  
Өліктің иісі-газ камерасындағы өліктің!

Құлағына зілді дүбір кеп,  
Құдайға қарап аһ ұрмай,  
Табытта жатыр Ицках Рабин күбірлеп.  
Ғажайып жырын  
жаза алмай кеткен ақындай.



АКТЕРДІҢ МОНОЛОГИ

Сәтсіздік бер күтілмеген,  
Дос пен дұшпан сынасын.  
Көрермендер түтіп жеген,  
Кассиршалар жыласын.

Премьерша,  
                    өктем үнмен  
Балағаттап,  
                    бос жылап,  
От шығарсын беттерімнен,  
Трусиімен осқылап.

Жанкүйенрлерызаланып,  
Бар қойманың,  
                    өтінем,  
Шіріп кеткен қызанағын,  
Шашсын менің бетіме.

Сен көрмеген түсінде бір,  
Сәтсіздігім жасасын!  
Онсыз дағы ішімдегі,  
Итім өліп жататын.

Мектептегі құлын-қыздай,  
Түсік тастап тиылған.  
Қайран ғажап туындым-ай,  
Қыршынынан қиылған.

Кешір өмір.  
Жалақтайды.  
Азалы жан аш қалған.  
Жетіскенім жараспайды,  
Жұрт күйзеліп жатканда.

Бойжеткен қыз,  
                    мөлдір өңі,  
Бакыт сенің тендесің.  
Жалғанның бар зеңбірегі,  
Мені ғана көздесін.

Сәтсіздікке төзіп өлем,  
Апатты да қайтарма!  
Бар пәлекет меніменен.  
Кетсін түсіпи тартарға.

## АКЫН ӘУЕНІ.

Арызымды айтам айшықтап.  
Қызықпай тәжге, таққа да,  
О! Тәңірім!  
Ақтық айтыста,  
Ақын бер маған, бақталас.

Арбалман зекет,  
                    пітірге.  
Ұрланған махаббатқа - да.





шыға бере есіктен»  
Шансоньеннің мақамына  
ақбоз аттар билеген.  
Босағадан жөнep бердің,  
алтын зерлі күймемен.

Пышақтасып жатпайды ешкім.  
сұрамайды,  
масқара.

«О! Хайуан! Сүйіктінді  
неге ұзаттын басқаға?»

\*\*\*

Б. Ахмадулинаға

Күпірміз біздер.  
Жүдетті нәрі  
Екеуміз жеген алманың.  
Дуельмен бітті дуеттің бәрі,  
Ақында сыңар қалмады.

Тобырға болған кіріптар күнін.  
Бұзылсын қатқан қағидан.  
Некелеспейтін туыстар түгіл.  
Достыққа тиым салынған.

Қараңғы түннің ақтамақ әні.  
Тәртіпке симас түс мүлде.  
Күнәсін жердің ақтап алады.  
Туғанын соның үстінде.

Жеңілдік беріп елік мүсінге,  
Салмақты шықты жырларым.  
Әйелдің ең бір көріктісін де,  
Құрбы ғып саған силадым.

Парижді салдым табан астына,  
Тордағы құсым,

киелі.

Өмірдің ақтық аманаты да,  
Еншіңе сенің тиеді.

Сәттерді осы сарылып күттік,  
Жеңістің жырын тындаймыз.  
Қасіреттен біз арылып біттік,  
Қасиеттен де жұрдаймыз.

Төралқа тұсы орнымыз біздің,  
Түрмеде емес,

ел іші.

Тобырда, бірақ, торығып жүрмін,  
Жетіспей жастық желісім.

Жымиям,

жүрдім армандай еріп.

Адастырса да жол бұраң.

...Үріп ауызға салғандай еді.

Екеуміз айтқан сол бір ән.



Тәнінді тіктің, бетпе бет келіп.  
Мен талантымды тігемін.  
Межеде тұрмыз.  
Жекпе жектегі  
Мергендігіңді білемін.

Актерше айтам:  
-Ғашық қайғым ең,  
Құрбаның болам - бозқасқа.  
Әйел затымен атыспаймын мен.  
Әйелдер үшін -  
Сөз басқа!

Сол әйелді мен мүсіндеп, пішіп.  
Шілдеде сүйгем түнімен.  
Жебесіз атып түсірмекпісің.  
Бұлбұлдың нәзік үнімен.

## ТЕҢІЗБЕН ҚОШТАСУ

Қайт үйіне!  
Теңіз іштен тынады.  
Орал Содом, Гоморрыңа күнәлі.

Соңғы сәтте,  
ада болып әдептен,





Өстік сазын құп алып.  
Құрбылардың құбылмалы  
Қылығына шыдадық.

Сері гүңгі серігін де  
Тыржияды.  
Жылт етіп  
Сигарета ерінінде  
Бейне бикфорд пілтесі.

*\*Бибібейне - натуращица,*

*\*Ербейне - натуращик*

## АНАНЫҢ ӘНГІМЕСІ.

Түйір боп тәнге байланған едің.  
/Әкең екуміз, боп пенде,/   
Өзің жайында ойланған едік,  
«Қалдырамыз ба, жоқ па әлде?»

Өрілген бұрым -бұлақтарыңды,  
Зерденді жалқын - от бейне,  
Бүгінгі сенің сұрақтарыңды,  
«Қалдырамын ба, жоқ па әлде?»

## САГА

Азаңғы түсінді қарамай -ақ,  
Шығарып саласын жалаңаяқ.  
Сен мені өмірде ұмытпайсың,  
Сен маған жалғанда жолықпайсың.

Тәніңді суықтан қалқаладым.  
Тәніңді қалауын қайталадым.  
Мен сені өмірде ұмытпаймын,  
Мен саған жалғанда жолықпаймын.

Тоғанның толқынын инабатты.  
Биржаны,  
тарихи ғимаратты,  
Мен енді ешқашанан ұмытпаймын,  
Мен бұған ешқашан жолықпаймын.

Жасаурап шиедей қарашығың,  
Өшірдіі үмітін,  
жан ашыды.  
Халықтың ырымы жоғалмайды.  
Мен саған ешқашан оралмаймын.

Ғафиздің қабыл боп тілегі де,  
Қайтадан оралсақ бұл өмірге.  
Бәрібір мен қайта жолықпаймын,  
Мен сені өмірде ұмытпаймын.

Түсінбей өмірін бекерлігін,  
Өкініш өртеумен өтер күнің.

Болаша беймәлім қалған күні.  
Ұғасын жалғанның жалғандығын.

Мағнасыз шайқалып,  
көк түнеріп.  
Бір ұшқын бүгіннен жеткізеді.  
...Мен сені өмірде ұмытпаймын,  
Мен саған жалғанда жолықпаймын.»

\* \* \*

Соңғы ақынмын.  
Түсінбей қалып.  
Деменіз -Ажал жалмады.  
Ақындар тірі,  
күнінде бәрі,  
Байырғы Ресей қалмады.

## СТРИПТИЗ.

Мейрамхана;  
Биші бикеш шешінеді жынданып,  
Прожектордан.  
жанарымның жасқа толып тұрғаны.

Лыпысын да сыпырады,  
қағынып,  
Апельсиннің аршығандай қабығын.

Тұтқын құстай мұңға толған жанары,  
«Стриптиз» көрген биім жанағы.

Ысқырады төбелтаздар күйіктен,  
Маскүнемдер қанкөзденген,  
сүліктей.

Мына біреу-жұмыртқаның сарысы,  
Жын соққандай дүрсілдейді зал іші.  
Ана біреу бүргедейін бүгілген,  
Ақырзаман саксафонның үнінде.

Санам жетпес,  
ғаламшардың бетінде,  
Жарқырайды кемпіркосақ- көпірлер.

Қарғанамын,  
жынданып та кетерміз,  
Сахнада билейді-ай кеп нөсер-қыз.  
«Америкасыз ба?» - деймін,  
әнгүдік,

Қыз орнығып,  
Сигаретін сән қылып,

«Жігіт - дейді - акцентіңіз тамаша,  
Абсент пен мартини құй қаласаң»

## ҚАРА НАРЛАР

/Махамбеттің әуенімен/

Қара нарлар керек бізге,  
тау өркешті, арынды.  
Ақ түйенің бұл жорықта  
жарылады қарыны.

Әйелдерді ұнатпаймыз  
ынжық қылар ерлерді.  
Қара нарлар керек бізге  
қайыспайтын белдері.

Жабылады табыттары,  
мәйіттердің кеше өлген,  
Қара нарлар, қара нарлар  
қасіретгі котерген.  
Ақ шағылда шойын оқтар  
асыр салып қағынар.  
Күн тұтылып көтеріліс -  
қара бура шабынар.

Шенділерді құла құмда  
бүргедейін жаншыған,  
Бұндай іске қахарланған  
қара бура - нар шыдар.

Бүгін ойнас жасамайды  
қанжар ілген еректер.

Қара нарлар, қара нарлар,  
қара батпан өркештер.

Қара нарлар қалтыраған  
қорқақтарды бағалар,  
Оқ шығындап қажеті жоқ,  
түкіреді қара нар.

\*\*\*

Неге екі Ұлы ақын майдандасып.  
Тапаншасын кезеніп, Түсірмейді.  
Үйлеседі шумақтар жандай ғашық,  
Адамдар ше?  
Түгіне түсінбеймін.

Неге екі Ұлы ел жауласады,  
Быт-шыт қылып оттегін бүгін жердің.  
Адамдар жүр достасып,  
сауға салып,  
Халықтар ше?  
Түгіне түсінбеймін.

Есіркеген секілді ана талмай,  
Әлде нені бүлдірген аусар ұлын.  
Екі құрлық -  
Екі алып алақандай,  
Ғаріп басын қысады Жер шарының.

**ҚАНАТ.**

Албырт едім,  
Ұшу үшін жаралған,  
Тоқсан жолдың торабына аттанып,  
Қанатымның  
Қауырсының тарамдап.  
Баптаудай-ақ баптадым.

Әлі күнгі  
самғар едім биікте.  
Көкке жұртты тамсандырып, қаратып.  
Қанатым жоқ.  
Шәкірттерім іріктеп.  
Алып кеткен таратып.

Өкінбеймін.  
Үзілмейді күдерім  
Жанды жеген арыламын күдіктен.  
Түлеп ұшқан  
шәкірттердің біреуін,  
Көре қалсам биіктен.

Кейде өзім де.  
Өткенімді і қиялдап,  
Жиып теріп қауырсындар құрамын,  
Қайта түлеп,  
Көз ұшына, қиянға,  
Ұшқым келіп тұрады.

Өткенді тек  
Таба алмаймын іздеп те.  
Балапандар шетінде жүр шалғайдың.  
Қауырсынды  
қайтарсам да жүздеп те,  
Қанат құрай алмаймын.

Ұша алмаймын  
Артта қалды арман-ән.  
Жұбанамын  
- тиді деп бір жәрдемім,  
Қырандар да көк төсінде самғаған,  
Қауырсыным бар менің.

Енші бөлгем.  
жан емеспін шерменде,  
Қайдасындар балапандар кешегі.  
Бір қауырсын қаламым бар,  
сендерге,  
Хат жазуға жетеді.

## ДОС

Досым менің!  
Әрі көршім,  
Жақыным,  
Тәтті ұйқыға  
батқан шығар ақыры.



Жарты түнде,  
ұйқым қашып отырмын,  
Терезесі  
сөнді міне досымның.

Ұйқысызбын!  
Ұйқысызбын,  
Отырмын мен түңіліп,  
Шамы сөнген  
терезеге үңіліп.

Тек терезе артында,  
түн түбінде,  
Шылым шоғы морзянканың тілінде

Қозданады.  
Ұйқысыз ғой досым да,  
Маған сірә  
SOS жолдап отыр ма?

Мүмкін ол да  
таусылып бар шыдамы.  
Жылап отыр  
іштен шерді шығарып.

Күрсінеді,  
қоса жұтып,  
тұтығып.  
Көз жасы мен  
темекінің түтүнін.

Беруші едік  
етімізден ет кесіп,  
Бүгін бірақ.  
қия алмай бір өкпесін,

Бір қатемді  
кешіруге жарамай,  
Жүндей түтті,  
бет жүзіме қарамай.

Жетпес пе еді,  
дос көңілмен наз айтса,  
Лебізімен  
күнәмдә де азайтса.

Бірақ достым,  
жауымдай боп жұтнып,  
Сойды -  
Мені  
Жон терімді сыпырып.

Тек терезе артында  
түн түбінде.  
Шылым шоғы  
морзянканың тілінде,

Қозданады.  
Демек менің досым ғой!  
Қимай мені,  
ұйықтай алмай отыр ғой!

Аяғымды  
суғып жалғыз кебіске,  
Қарды кешіп.  
жететіндей жеңіске,  
Досқа жетем!  
...Темекіден татамыз,  
Үнсіз ғана мауқымызды басамыз.

## ЖАСТАРҒА

Теміртаудың құрылышы жастарына

Желкен жайып. желкілдеген үміттер.  
Жер шетіне  
Аттанады жігіттер.

Қиырларда қалды олардың  
іздері,  
Солар деп біл, Қала көрсен  
Түздегі.

Гүл бітеді олар барса  
Қай жаққа,  
Дән өседі Олар басқан  
Аймақта.

Мұнараның көкке тіреп  
Тебесін,  
Аттанады құрылысқа  
Келесі.

Тірлікте олар пайыз таппай  
Жүреді,  
Жұмыс тілеп лүпілдейді  
Жүрегі.

Шарлап жердің бойлығы мен  
Ендігін,  
Байқамайды өзі істеген  
ерлігін.

Бір ерлікке қол жеткізу  
Арманы,  
Қарапайым іс секілді  
Қалғаны.

-Құрылыста болмайды деп-  
Батырлық,  
Мысқылдарынмиығынына  
жасырды.

Мен Олардың ерлігіне  
сүйсініп,  
Сезімімді шымшылайды  
түйсігім.

-Сендерменен құрылысқа  
бір кірмен,  
Қалған екем көп нәрсені  
үлгірмей.

Серілігім салса дағы  
сергелден,

Жастар! Жастар! Жете алмаймын  
сендерге.

Желкен жайын  
Желкілдеген үміттер.  
Жер шетіне  
Аттануда жігіттер!

## ШАЛШЫҚ БАСТЫМ

Шалшық бастым  
Менің жалғыз аяғым.  
Шалшық басты  
екі аяқты зайыбым.  
Сол ақ екен,  
таппай тыным. саябыр.  
Аттан салдым,  
жиылмады айылым.

Сол-ақ екен,  
көтеріліп ыстығым,  
Қайдағы бір  
жөтел қысты кеудені.  
Таңқурайдың тұнбасына  
бұқтырып,  
Норсульфазол қосып тәуіп  
емдеді.

Соғыс жылы.  
белден батып батпаққа.

Айлап жаттым,  
айналам от, оқ еді.  
Кеңірдектен  
суға батып жатсақ та,  
Сырқат түгіл,  
түшкірген де жоқ едім.

Соғыста мен  
жанды бағып жатпадым.  
Тек малақай  
судан құрғақ боп шықты.  
Қымбат бұйым.  
от пен судан сақтадым,  
Малақайда  
темекі мен оттықты.

## ОТТАР.

Арбайды оттар  
жағада,  
Ынтызар оған  
жоқ бізден.  
Тек өзен жатыр  
арада,  
Қол созым жерден  
өткізбей.

Сен дағы  
жұмбақ сыр ашып,

Жанасың жақын,  
жырақта.  
Қол созым жерде  
тұрасын,  
Жетпейді қолым  
бірақта.

\* \* \*

Балқытады  
Көрік- күнді.  
Батыс -  
Жарты шарайна.  
Ерініңмен өбіп гүлді,  
Тұрдың  
Шомып арайға.

Көгілдір көк  
Жанарыңнен,  
Көкжиекке күн кірген.  
Гүл - еріннің  
Шанағынан,  
Өбкім келіп  
Тұрмын мен.

Жанасың жақын,  
жырақта.  
Қол созым жерде  
тұрасың,  
Жетпейді қолым  
бірақта.

\*\*\*

Балқытады  
Көрік - күнді.  
Батыс -  
Жарты шарайна.  
Ерініңмен өбіп гүлді,  
Тұрдың  
Шомып арайға.

Көгілдір көк  
Жанарыңмен,  
Көкжиекке күн кірген.  
Гүл - еріннің  
Шанағынан,  
Өбкім келіп  
Тұрмын мен.



## СОҒЫС

Миымды шаққан сынақ бұл.  
Біткенде  
Қанды жорықтар,  
Санамда қалған  
Сызат бір,  
Тірейді тағы  
Соғысқа.

Ұмытқым келер,  
Ал бірақ.  
Жылдарға өткен қарамай,  
Санамда қалған  
Сол сызат,  
Өртейді  
Ескі жарадай.

Айналып келіп  
Ұршықтай,  
Жадымда тұрар жаңғырып.  
Санамда сызат -  
Тыртықтай,  
Өшпейтін тңба  
Мәңгілік.

## БІРІНШІ ШАЙҚАС

Ғасырлар өтсін,  
Есімде шайқас алғашқы.  
Түн қатып жеттік,  
Майданның алғы шебіне.  
Бел буып бекем,  
Ақтық межеге жармастық,  
Осыдан бізге  
Бір тұтам жер жоқ шегінер.

Таң да атты міне.  
Үрейге бөлеп жер көкті.  
Аллаға тәубе,  
Көреміз басқа салғанын.  
Көргенім осы  
Жасанып шыққан жендетті,  
Ол мені атты.  
Мен оны ата алмадым.

Зеңбірек алғаш,  
Алдыңғы шептіі түтіп жеп,  
Басталды шайқас,  
Қорқыныш өлді жүректе.  
Ғазиз жанымды  
Тірідей көрге түсірмек,  
Кәдімгі АДАМ,  
Автомат ілген білекке.

Өтсе де жылдар,  
Санамда мәңгі сақталған,  
Кеше көргендей

Кетеді күйкам шымырлап.  
Ойын емес бұл,  
Чапай боп шапқан «ақтарға»  
Дұшнаным мені  
өлтiрмек болған шынында.

Шықты жауыздар,  
Ажалыз жандай есіріп,  
Сәттер де болды,  
Қарауылға кеп іліккен.  
Ататын сәтте  
Қалғандай саусақ кесіліп,  
Қарауыл қашып  
Басылмай қойды шүріппе.  
Жақындап қалды.

Зұлымдық.  
көзі қанталап.  
Шешуші сәтте  
Жене алмай ішкі сезімді,  
АДАМды көріп.  
Жанарды жасым қақалап,  
Өлтіре алмадым  
Өзіме төнген өлімді.

Өлтірді оны  
Окоптас көршім дәл атып,  
Демеді сөзбен  
-«Өзіңді қатты сынама.  
Адам емес ол!  
Неміс қой,  
Әне, қарашы.

Өлтіру оны  
Жатпайды мүлдем күнәға»

Шабуылдан соң  
Тұтатып шылым шекті де,  
-«Қате айттым - деді-  
Ашылып,  
сөздің ауырын.  
Неміс емес ол,  
Немісті Тельман деп білем,  
Ал, мынау фашист.

Ұлыс бар сондай, бауырым!»

## НАСТЯ

Аспанды  
жыртық жол қылып,  
Сауырын жердің  
жара жеп,  
Шашты кеп  
фугас бомбаны,  
Қарақшы -  
қара самолет.

Автомат өшті  
қаталап,  
Айдаушы  
санит-арбадан.  
Сыбайды арғы атадан,  
Амалы басқа  
қалмаған.

Бүрк етіп,  
шөгіп қалды әлем.  
Көтертпей  
белі жаралы.  
Шошынған аттар  
арбамен  
Аулаққа лағып  
барады

Дәрменсіз қалдық,  
сол қайғы.

Танылған жара  
қанталап.  
Санбибі Настя  
қорғайды,  
Қанатыменен  
қалқалап.

Тығылдық соған  
біз біліп,  
Ең берік осы оққағар.  
Осыдан асқан  
ізгілік,  
Әлемде сірә  
жоқ болар!

Жығылдым  
алға үш аттап  
Оқ тескен кеудем  
тұтанып.  
Жер-Ана қысты  
құшақтап.-  
-Әйелдің бейне  
құшағы.

Мейірімді ыстық  
сезініп,  
Жанарым сөніп,  
мәңгіріп,  
Құшақта осы,  
көз іліп.  
Қалғым да келді  
мәңгілік.

Отанды бірақ  
от қармап.  
Жатқанда ерлер  
соғысып  
«Босатшы - деймін  
-достарға,  
Беруім керек  
қол ұшын»

Шыға алмай  
тағат таптым да

Бірқына көніп  
қырсықтың.  
Аялы қанат  
астында,  
Балапан құстай  
тыншықтым.

Кірпіктен таңғы  
шық тамып.  
Санбатта жаттым,  
жылап-та.  
Тозақтан мені  
құтқарып.  
Кетіпті Настя  
жұмаққа.

## ЧЕРНОВИК

11.09.1983 -21. 09 . 1983. Аралығында

\*\*\*

Өрнектеп өлең жолымды,  
Әрледім,  
тыным көрмедім.  
Босатпай істен қолымды,  
Жасадым қолдан келгенін.

Аз жаздым.  
Көбік сөзбенен,  
Тарылтпай ойдың өрісін.  
Ажал да тұрмай көлденең,  
Арманмен тапты келісім.

\*\*\*

Тірлігімді қалай ақтап алмақпын.  
Тырыстым ғой.  
кіна таға көрмеңдер.  
Мен өмірде қарапайым солдатпын,  
Солдаттардың қабірінде жерлендер.

Көшпен бірге сара жолды таңдаппын.  
Жеткенімді біледі көз көргендер.  
Мен өмірде қарапайым солдатпын,  
Солдаттардың қабірінде жерлендер.  
Соныменен!  
Хош бол достым-Ардақтым!  
Даурен өтер басымыздан сергелден.  
Мен өмірде қарапайым солдатпын,  
Солдаттарша салют атып жерлендер.



# ӘН БОЛЫП ТӨГІЛЕЙІН

## ҰЛАНДАР



Атам қазақ азаттықпен туысқан,  
Атқа қонған аспан түстес ту ұстап.  
Ел шетіне қауіп төнсе қапыда,  
Қамшысымен қарсы шыққан қылышқа

### Қайырмасы

«Алашым» деп атой салып ұрандап,  
Шабуылға шыққан сайыпқырандар.  
Бабамыздың бар байлығы-даласын,  
Басқыншыға таптатпаған ұландар

Сапқа тұрған бес қаруын құрсанып,  
Қабанбайдың, Бөгенбайдың ұрпағы.  
Аңыз қылып Аңрақайдың айқасын,  
Ауызынан тастамайды жүр әлі

Қайырмасы.

Әлем кешкен сұрапылда кешегі,  
Әкелерім оққа кеуде төседі.  
Бабалардан мұра қалған батырлық,  
Дарыйды екен ұрпағына деседі.

## ТУҒАН ЖЕР.



Алыс жолдан ардағын тосып алып,  
Абыз дала төу етіп жатыр өне.  
Тағып еді тұмар қып мойыныма.  
Туған жердің киелі топырағын.

Туған жер - Ару анам.  
Өзіне жаным алаң.  
Бір тұмар топырағыңды  
Сыйлашы тағы маған.

Абыз далам, алқалы атырабым,  
Лүпілдеген жүректен жапырағың.  
Торыққанда дертімнен айығамын,  
Туған жердің иіскеп топырағын.

## Қайырмасы

Өршігенде өзенің тасып ағып,  
Тамшы болып арнаңа асығамын.  
Анам еске түскенде. далам еске.  
Туған жердің сипаймын топырағын.

## ТОЙ ЖЫРЫ



Той дегенде желік кіріп кеудеге,  
Арғымақтар аласұрды кермеді-  
Алып болып кетті біздің ағалар.  
Кербезденіп кетті кілең жеңгелер.

Керегеміз кең екен,  
Тереземіз тең екен.  
Ағалар мен жеңгелер,  
Құтты болсын мерекен.

Көңіліміз көл екен,  
Сезіміміз сел екен.  
Құрдастар мен құрбылар,  
Құтты болсын мерекен.  
Құтты болсын, құтты болсын мерекен.

Думандатып қазақтың кең даласын.  
Ән барады алты қырдан әрі асып.  
Би төрінде жұлқынады жүректер,  
Ерке қызға еркін жігіт жарасып.

Ару біткен бүгін ерке, қылықты,  
Қызықтырсаң дәл осылай қызықтыр.  
Жүрек біткен махаббаттан өртеніп.  
Жанар біткен мейірімте тұнып тұр.

## ҚАРАҒАНДЫ



Мазасыз дәуірінді қалап алдым,  
Бак түніп. Қызыр қонған Қарағандым.  
Кең қоры койнауында тұна қалған,  
Киелі құт мекені бабалардың.

Күнінді жамыламын,  
Гүлінді тағынамын.  
Озіңсің табынарым,  
Киелі шаңырағым.

Таранып жасыл терек жапырағы,  
Гүлзарлар серуенге шақырады.  
Биікке бой түзеген ғимараттар,  
Аспанның иығына асылады.

Жамылып зерлі бөрік қамқа бағы,  
Сұқ көзден ғашықтарды қалқалады.  
Қыз-күлкі сыңғырлаған саясында.  
Мақамын махаббатын қайталады.

## АҢСАУ



Жарық еді жұлдыздарым,  
Биік еді аспаным.  
Сәтті күндер, тәтті түндер,  
Өте шықты қас-қағым.  
Артымызға қарайламай,  
Алты қырдан әрі астық.  
Қалай ғана абайламай.  
Албырттықтан адастық.

Мауыт түннің қызықтырған,  
Құрдымына үңілдік.  
Таңғы шыққа тұнып тұрған.

Қырды қуа жүгірдік,  
Тарпаң едік талай бала,  
Тежемейтін тағатты.  
Қалай ғана абайламай,  
Асаулықтан адастық.

Таңқурайдың шырынына  
Боянатын ерінің.  
Жел тараған тұлымыңа  
Шырмалатып сезімім.  
Алма жүзің арайлана,  
Бір жеміске таластық.  
Қалай ғана абайламай,  
Сол бақыттан адастық.



## СӨНБЕЙТІН ЖҰЛДЫЗ



Сөнгенде батыс,  
Шалғында жатып.  
Жұлдыздар шоғын санадым.  
Осындай кеште,  
Түседі еске,  
Жұлдыздан алыс жанарың.

Мекенің шалғай.  
Қараймын талмай,  
Жетпейді қолым, қиналам.  
Сағынуды тек,  
Табынуды тек,  
Тағдырым маған сыйлаған.

Назды сөзінсіз,  
Нәркес көзінсіз,  
Күн кешу маған қиындау.  
Сағымды құшып,  
Жетер ем ұшып.


Қолыңды созсаң қиырдан.

### Қайырмасы

Қарсы алып танды,  
Көкжиек жанды,  
Сөнеді енді жұлдыздар.  
Мәңгі сөнбейтін,  
Маза бермейтін.  
Жүректе жалғыз жұлдыз бар.

### Қайырмасы

## АНАШЫМ



Жылыткан жұмақтай ұяны.  
Көзіңнің көктемдей шуағы.  
Тіршілік анадан нәр алып.  
Алып та анадан туады.

Ұзақ түн көз ілмей,  
Бөпесін бағатын.  
Сая жоқ өзіндей,  
Аяулы анашым.  
Күнім боп көгімде,  
Алаулап жанатын.  
Шуақ жоқ өзіндей,  
Аяулы анашым.

Елжіреп ерекше сезіммен,  
Бесіктің жырымен көз ілген.  
Мендегі сәбилік махаббат,  
Жаралған, анашым, өзіннен.

### САҒЫНЫШ



Қауырсын күз, қоңыр көл құс түнеген,  
Көңіліме қобалжу түсті неден?  
Құстар қайтып барады, ұшады олар,  
Мені өсірген даланың үстіменен.

Қаз дауысы тамызып санаға сыр,  
Ауыл әнін есіне салады ақыр.  
Көлдің үстін тербетіп қанатымен,  
Құстар сіңіп ауаға бара жатыр.

Сағыныштың кезі екен күз дегенің,  
Туған жерге түсімде жүз келемін.  
Текеметтей түрленіп топырағы,  
Жатыр құстың жолында іздегенім.

Сағындырған абыз жер, дуалы жер,  
Ыстығыңмен жанымды суара бер.  
Қауырсынын құлатып құстар етсе,  
Менен хабар келді деп қуана бер.

### ҚЫЗЫМА



Тұлымды таза таңым-ау,  
Ақ үрпек балапаным-ау.  
Бағыңа балап қондың ба,  
Жарынның алақанына.

Қонсанда құтты ұяна,  
Әкелік көңіл қия ма?  
Қадірлі болғай жарыңа.  
Қызындай болғані құдама.

Еркелеп өскен ертегім,  
Ертектей болсын ертеңің.  
Жаутандай қарап жолыңа,  
Қимастық күйін шсртемІн.

Қонсаң да құтты ұяна,  
Әкелік көңіл қия ма?  
Бота бол Аруанаңа.  
Құлын бол, қызым, құдама.

Тіл көзден сақтар тұмарым,  
С енімді болғай сңарың.  
Сендерді сертке жеткізген,  
Тағдырға тәубе қыламын.

Қонсаң да құтты ұяңаа.  
Әкелік көңіл қия ма?  
Болар деп қамқор өзімдей,  
Тапсырдым сені құдама.

Сағыныштың кезі екен күз дегенің,  
Туған жерге түсімде жүз келемін.  
Текеметтей түрленіп топырағы,  
Жатыр құстың жолында іздегенім.

Сағындырған абыз жер, дуалы жер,  
Ыстығыңмен жанымды суара бер.  
Қауырсынын құлатын құстар өтсе,  
Менен хабар келеді деп қуана бер.

## ҚЫЗЫМА



Тұлымды таза таңым-ау,  
Ақ үрпек балапаным-ау.  
Бағыңа балап қондың ба,  
Жарыңның алақанына.

Қонсаңда құтты ұяна,  
Әкелік көңіл қия ма?  
Қадірлі болғай жарыңа,  
Қызындай болғай құдама.

Еркелеп өскен ертегім,  
Ертектей болсын ертеңің.  
Жаутандай қарап жолыңа,  
Қимастық күйін шертемін.

Қонсаң да құтты ұяна,  
Әкелік көңіл қия ма?  
Бота бол Аруанана,  
Құлын бол, қызым, құдама.

Тіл көзден сақтар тұмарым,  
Сенімді болғай сыңарың.  
Сендерді сертке жеткізген,  
Тағдырға тәубе қыламын.

Қонсаң да құтты ұяна,  
Әкелік көңіл қия ма?  
Болар деп қамқор өзімдей,  
Тапсырдым сені құдама.



## ПЕРІШТЕ ҚЫЗ



Қара шашты таңғы шыққа малдың ба?  
Қара қасты қарлығаштан алдың ба?  
Дірілдейді хауыз жарған гүл ерін,  
Ең алғашқы махаббаттың алдында.

Жұлдыз тамған жанарыңа.  
Жұмақ тұнған жамалыңа,  
Періште- қыз.

Қарағаның кеудеме нұр таратып,  
Қара жалын - лапылдайды қарашық.  
Кірпігіңе күміс сәуле оралып,  
Жанарыңнан келе жатыр таң атын.

## РОМАНС



Егер мені сүйер болсаң шынымен,  
Егер маған сенер болсаң шынымен.  
Жанарымдай тамызық қып жалықпай,  
Жұлдыздарды тұтатар ем түнімен.

Кілем қылып төсеп сайын даласын,  
Шарайна ғып берем көлдің шарасын.  
Желпуіш қып тербетемін тұсында,  
Көбелектің желден жеңіл қанатын.

Тауға да ұрып. тасқа ла ұрып басымды,  
Бірақ күнге сиғызар ем ғасырды.  
Гүл шоғын көмілдіріп күлкінді,  
Ерініммен құрғатар ем жасыңды.

Күн боп күліп, Ай боп сүйіп түнімен,  
Махаббат боп жүрегіне үңілем.  
Егер мені сүйер болсаң шынымен.  
Егер маған сенер болсаң шынымен.

## КЕШІККЕН СЕЗІМ



Кезімде құштарлықтан жалыққан.  
Сезімге шоқ түсірдің ғайыптан.  
Көркіне көңіл арсыз көз салса,  
Жас ару бұйырмашы айыпқа.

Жеткенде күзім шалғайдан,  
Жолығып едің сен қайдан.  
Иіскеп сүйсем мандайдан,  
Кетпейді дәмі тандайдан.

Бәрінде-түсінесің ақылдым,  
Самайды қырау шалған жасырдым.

Күнәсіз толқынына шашыңнын,  
Кінәлі саусағымды батырдым.

### Қайырмасы

Жазғы түн торғын шәлі жамылып,  
Тұр аспан жұлдыздары тағынып.  
Жүректе дірілдеген бірр алау,  
Болар ма келер таңға тамызық.

### Қайырмасы

## ЖЛҢБЫР БИИ



Жазғы жаңбыр танытып ерке кылык.  
Аспан астын жіберді ертегі қып.  
Жылы тамшы төгіліп төбемізден,  
Билеп ала жөнелді жер тебініп.

Жасқанбандар келіндер,  
Жалаңаяқ билеуге.  
Жаңбыр шәйған еріннен,  
Бал тамады сүйгенде.

Қызығына жаңбырдың қанып құмар,  
Мөлдір әлем көгіннен тамып тұрар.  
Кәусарына кел құрбым шомылуға,  
Тамшылардан берейін тағып тұмар.

### Қайырмасы

Аласұрған ақ жауын ішінде мен.  
Кереметке тап болдым күтілмеген.  
Шыт көйлегің кеудене жапсырылып.  
Көздің жауын алады мүсін денен.

### Қайырма

## ТЕМІРТАУ ВАЛЬСІ



Арқаның асыр салып сері желі,  
Нұрада кербез толқын керіледі.  
Жүрегі жанартаудай қаламыздың,  
Түндігі түстік жерден көрінеді.

Күн аймалап көшені,  
Көлден самал еседі  
Аңыз қала Теміртау,  
Алыптардың мекені.

Таранып көкжиекте күн-тұмары,  
Тамылжпп айна келге нұр тұнадв.  
Жастардын жанарында лапылдаған,  
Ақ жалын алау гүлдей құлпырады.

Күн аймалап көшені ,  
Көлден самал еседі.  
Арман қала Теміртау.  
Ғашықтардың мекені.

Армандай биіктетіп аспанымды,  
Ақ құрыш ағыл тегіл ақтарылды.  
Тіл бітіп Жауыртаудың әртасына,  
Айтады аңыз қылып дастаныңды.

Күн аймалал кешені,  
Көлден самал еседі.  
Мөрмөр қала Теміртау,  
Ғажайыптар мекені.



# АЙГҮЛ



Жанарынның айдының,  
Аңсап жүрмін Айгүлім.  
Көңіл алаң өзіңмен,  
Көрісем деп қай күні.

Өзің болып әр сағым.  
Елесіңнен шаршадым.  
Шашың ба деп толқынды,  
Сипап өтті саусағым.

Тамшыдайын төгілген.  
Тұлымыңды аңсадым.  
Еркеліктен өрілген,  
Қылығыңды аңсадым.

Шашу шашқан уыстап,  
Шаттығыңды аңсадым.

Төсіндегі уыз шар,  
Пәктігіңді аңсадым.

Ай астынан іздедім,  
Мекенінді білмедім.  
Жұмбақ қыз боп жұмақта,  
Жасырынып жүр ме едің.

Күн астынан іздедім,  
Күдерімді үзбедім.  
Күтудемін қонар деп.  
Жүрегіме бір менің.

Неге тым кеш жолықтың,  
Нәзік мүсін соны ұқтым.  
Кірпігіннен тамшы жас,  
Үзілер деп қорықтым.

Қылығыңаа шөлдедім,  
Сан сұлуды көрмедім.  
Өмірдегі ең соңғы,  
Махаббатым сен бе едің.

## ГҮЛІМ



Мойыл көзіңнен,  
Мөлдір сезімнен,  
Күміс тамшыдай  
Күлкің төгілген.

Жарық күнбісің,  
Жалын жырмысың,  
Алыс арманы  
Аңсап жүрмісің.

Қара айнаға.  
Ақ нұр айналан.  
Жеке сүйеді.  
Самал аймалап.

Жазғы гүлімсің,  
Назды сырмысың  
Нәзік үмітті.  
Жалғап жүрмісің.

Бакты арала  
Шықшы жағаға,  
Жарқын жүзіңнен,  
Жаным садаға.

Жазық жермісің,  
Тұнық көлмісің,  
Жүрген жолықпай,  
Жарым сенбісің

## МАГНИТКА



Арайлы таңдай киелім,  
Өзінде өсіп түледім.  
Атың әлемге тараса,  
Лүпіл қағады жүрегім.

### Қайырмасы.

Жадымда жаңғырып,  
Жанатвн мәңгілік,  
Магнитка менің тағдырым.

Далам дәуірмен жарысып.  
Қолыма қонды ғарышын  
Жастықтың қайран намысын.  
Шыңдалды шалқар шабытым

Толқынын тежеп Нұранын,  
Бағымды сенде сынадым.  
Көркіне қанбас құмарым.  
Теміртау жасыл жұмағым

		Мазмұны		
Отаным				3
Ғасыр	жүгін		көтерген	5
Кешір	мені		Отаным	8
Кредо				10
Қасымға 11				
Сонғы		түйе		13
Саясат				15
Жауыртау				16
Терме				17
Земля! Поклонись			человеку!	19
Ата		заңым		20
Қара суық				21
Арландықтан	ада		болған	24
Мынау түннің тастай...				25
Бәрі		өзгерді		26
Алланың		үйі		27
Құрбан		шалу		28
Саяси		шолу		30
Жүйке	тозып		шалдығып	32
Боздақ		біпкен		33
Қандай	із		қалар	34
Гүржә		қызы		35
Жастық	қалды		жырақта	36
Жалбарыным		қоймадым		37
Болған	еді	бір	әйел	38
Тағы да	атып	таң	келе ме	39
Тақпаспын кінә	40			
Жепі	тәулік		жанары	41
Осы	халық		әйелдерді	42
Әйелдер ай!				42
Үйенкілер				43
Бак		құлазып		45
Тағдыр		сені		47
Келемін	деп		ең	47
Таңғы		түс		48
Кезегендер		жылжымай		50
Соньда		ақпанның		50
Шалшық				51
Бозторғай				52
Ұлыма				53
Мұхит	бейне		бақсыдай	54
Ұлы соғыстың ұлымын	56			
Хақ	жолын	баса	көктеп	57

Григори Григориади Қанат	185
Дос	186
Жастарға	189
Шалшық бастым	191
Оттар	192
Балқытады көрік күнді	193
Соғыс	194
Бірінші шайқас	145
Настя	197
Жығылдым	199
Черновик	200
Тірлігімді қалай ақтап алмақпын	201
Ән болып төгілейін	202
Ұландар	202
Туған жер	204
Той жыры	205
Қарағанды	207
Аңсау	208
Сөнбейтін жұлдыз	210
Анашым	212
Сағыныш	213
Қызыма	214
Періште кыз	216
Романс	217
Кешіккен сезім	218
Жаңбыр биі	220
Теміртау вальсі	222
Айгүл	224
Гүлім	226
Магнитка	228

Формат60x84 . Қағазы офсет. Офсеттік басылым.

ТАРАЛЫМЫ 750 ДАНА. ТАПСЫРЫС № 1092.

Қарағанды қаласы, Сатпаев көшесі, 15.

"АРКО"ЖШС баспаханасында басылды.



Қасым Ботанов 1942 жылы 10 наурызда Алматы облыс Балхаш ауданы Құйған селосында өмірге келген.

Қазан мемлекеттік университетінің стоматология факультетін тәмамдап, медицина саласында қызмет атқарды. Қазақстан Мемлекетінің құрметті стоматологы атағына ие болды. Өлең жазуға жастайынан әуес. «Нұр жаусын», «Аяулы менің аңызым», «Жиһангер жұлдыз» атты жыр жинақтарының авторы. Жазушылар одағының мүшесі.

